

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Кильдибекова Б.Е.

Жоғары оқу жүйесіне Болон үдерісінің негізгі ережелерін енгізу барысы
МАГИСТЕРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

мамандығы - 6М010300 «Педагогика және психология»

Павлодар 2015

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

«Педагогика және спорт» департаменті

«Қорғауға жіберілді»

«Педагогика және спорт»

департаментінің директоры _____ **В.В.Сергеева**

МАГИСТЕРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

**Тақырыбы: «Жоғары оқу жүйесіне Болон үдерісінің негізгі ережелерін
енгізу барысы»**

мамандығы - 6M010300 «Педагогика және психология»

**орындаған магистрант
ПиП-202м тобы**

Б.Е.Кильдибекова

**ғылыми жетекші
п.ғ.к., доцент**

А.Қ.Сатынская

Павлодар 2015

АНДАТПА

Жұмысты орындаудың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіне білім алушының жаңа құзыреттілік моделін енгізу жолдарын анықтау, элективтік курстарын енгізу арқылы құзыреттілік моделін ұсыну.

Анықталған мақсат келесі зерттеу міндеттерін орындау арқылы жүзеге асырылды: - Болон процесінің негізгі ережелеріне сипаттама берілді, Болон процесінің маңыздылығын дәлелденді, Қазақстан жоғары білім беру жүйесінің Болон процесіне ену барысын анықталды, Болон процесін енгізудің негізгі кезеңдерін анықталды, құзыреттіліктер топтастырмасы анықталды, құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын анықталды, зерттеу проблема бойынша тәжірибешілік ұсыныстар шығарып, берілді.

АННОТАЦИЯ

Основная цель проведения исследования – определение путей внедрения требований Болонской системы путем построения компетентностной модели выпускника высшей школы на примере регионального вуза, предложение модели формирования компетенций путем внедрения интегрированного элективного курса.

Для достижения поставленной цели были решены следующие задачи: дана характеристика основных положений Болонского процесса, подтвержден тезис о необходимости внедрения положений Болонского процесса, определены основные направления внедрения в систему высшего образования РК положений Болонского процесса, выявлены этапы внедрения положений Болонского процесса в РК, определена классификация необходимых компетенций, определены пути формирования компетенций, разработаны предложения по исследуемой проблеме.

RESUME

The theme of the thesis is “The introduction of the basic concepts of the Bologna process into the system of higher education”.

The purpose of the thesis is to define the ways of solving problems of introduction of the Bologna process into the system of higher education of Kazakhstan by means of creating the competence model of a graduate.

The tasks of the thesis are the following: to define the basic trends of work of the Innovative university of Eurasia (InEU) on the introduction into the Bologna process; to design a course of an elective discipline included into the catalog of elective disciplines.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	6-8
ГЛОССАРИЙ	9-11
1 Білім беру саласында еуропалық жүйесінің құрылу процесі	
1.1 Болон процесінің маңыздылығы.....	12-17
1.2 Болон процесі тарихынан, кезеңдерінің сипаттамасы.....	17-23
1.3 Болон процесіне қатысушылар, қатысудың артықшылықтары.....	23-49
2 Инновациялық Еуразия университеті тәжірибесінен.....	
2.1 Бакалавриат БББ негізгі мақсаттарының иерархиясы.....	50-54
2.2 Мамандықтың сипаттамасы, бакалаврды дайындау барысы.....	54-62
2.3 Оқу процесін қамту және сүйемелдеу.....	63-80
ҚОРЫТЫНДЫ.....	81-82
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	83-85

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғам талабы білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің технологиясын жаңартуға бағытталған көптеген міндеттерді жүктеп отыр. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінің қайта құрылуы, оның адамгершілікке бағдарланып, мәдениеттен көрініс алуы адамның шығармашылық әлеуетінің ашылуына, рухани құндылық бағдарының қалыптасуына әсер етеді. Адамның руханилығын өз халқының мәдениетінен оқшау дамыту мүмкін емес [1].

Болашақ мұғалімдерді дайындаудың теориялық саласы А.В.Луначарскийдің, П.П. Блонскийдің, С.Т. Шацкийдің, А.С. Макаренко мен В.А. Сухомлинскийдің ғылыми еңбектері мен практикалық жұмыстарында көрініс алған. Тұлғаның жан-жақты даму (М.Р.Каган, А.Н. Буев, А.Г. Егоров, О.В. Лармин және т.б.), құзыретті болу (А.И.Арнольдов, Э.А.Баллер, В.А. Межуев, П.Н. Федосеев, Ю.У. Фохт-Бабушкин, И.Т. Фролов және т.б.) мәселелері де бірқатар ғалымдардың еңбектерінде әдіснамалық тұрғыда қарастырылады.

Қазіргі ғылыми ізденістерде де тұлғаның дамуына түсінік беруде әртүрлі көзқарастар пайда болуда (Л.В. Алехина, Н.Л. Арина, О.А. Зорова, Н.Б. Крылова, В.П. Матюхин, Л.П. Печко және т.б.). Олардың көзқарастары бүгінгі таңдағы бірқатар ғалымдардың (Г.С. Батишев, А.А. Бодалев, А.И.Бурова, В.В. Давыдов, И.А. Зязюн, Е.В. Квятковский, А.Н. Леонтьев, Б.Т.Лихачев және т.б.) тұлғаны тәрбиелеу, білім беру және дамытудағы ұсынылған тұжырымдамасына сәйкес келеді. Біздің жұмысымыз үшін бірқатар ғалымдардың (Б.Г. Ананьев, Н.В. Кузьмина, В.А. Кан-Калик, Л.В.Рувинский, В.А. Сластенин, Н.Ф. Талызина және т.б.) мұғалімдерді даярлаудағы процестің заңдылықтары мен оны қайта құру шарттары туралы айтқан тұжырымдамалары және мұғалімнің құзыреттілік дайындық бойынша ұсынған теориялық моделдері аса пайдалы болды.

Сонымен, аталған ғылыми зерттеулерге жасаған талдау қарастырылып, ЖОО студенттерге оқу үдерісінде тәрбие жұмысы арқылы да тәрбиелеуге болатыны анықталды. Қазіргі кезде ЖОО оқу үдерісінің кредиттің жүйеге көшуіне байланысты Кредиттік оқыту технологиясы бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ережесіне сәйкес, кредиттік оқыту технологиясы дегеніміз - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде іске асыру.

Қазіргі кездегі ақпараттық қоғам жоғарғы оқу орындарының алдына өз бетінше керекті білімін ала алатын және оны практика жүзінде қолдана алатын; өз бетінше сынмен ойлауға, нақты жағдайда туындайтын мәселелерді кере білетін және оларды шешу жолдарын іздей алатын; ақпаратпен сауатты жұмыс істеуге қабілетті; әр түрлі әлеуметтік топтарда, ұжымдарда жұмыс

істей алатын; өз бетінше ой-өрісін, мәдени деңгейін дамыта алатын қабілетті мамандарды тәрбиелеуді талап етеді [1].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі заманғы саяси-экономикалық даму жолы білім саласының жанашылдықпен дамуын талап етуде. Болон процесіне қосылу Қазақстанның жоғары мектебінің дамуының негізгі бағыттары мен артықшылығын анықтады. Әлемдік білім кеңістігіне ену ұлттың зияткерлік потенциалы мен бәсеке қабілеттілігі қарқынды түрде өсуіне себепкер болады. Елеміздің бәсекелестікке қабілетті елдер қатарына қосылу шарттарының бірі білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру, болашақ мамандарды ЖОО қабырғасынан бастап құзыретті, білімді, өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға икемді болуға баулу.

Осыған байланысты зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады.

Магистерлік жұмыстың мақсат-міндеттері. Жұмысты орындаудың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіне білім алушының жаңа құзыреттілік моделін енгізу жолдарын анықтау, элективтік курстарын енгізу арқылы құзыреттілік моделін ұсыну.

Анықталған мақсатқа келесі **зерттеу міндеттерін** орындау арқылы жетуге болады:

- Болон процесінің негізгі ережелеріне сипаттама беру;
- Болон процесінің маңыздылығын дәлелдеу;
- Қазақстан жоғары білім беру жүйесінің Болон процесіне ену барысын анықтау;
- Болон процесін енгізудің негізгі кезеңдерін анықтау;
- құзыреттіліктер топтастырмасын анықтау;
- құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын анықтау.
- зерттеу проблема бойынша тәжірибешілік ұсыныстар шығарып, беру.

Зерттеу жұмысының болжамы. Қазақстан жоғары білім беру жүйесінің Болон процесіне ену барысын білім алушының жаңа құзыреттілік моделін құру арқылы байқауға және бақылауға болады.

Жетекші идея. Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіне білім алушының жаңа құзыреттілік моделін енгізу жолдарының бірі элективтік курстарын енгізу.

Зерттеу пәні. Болон процесіне кіру саясатын жүзеге асыру концепциялары, модельдері және механизмдері.

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі.

Шығарылған нәтижелер, ғылыми жаңашылығы және практикалық маңыздылығы.

Зерттеудің ғылыми жаңашылығы. Зерттеуде жинақталған аймақтық жоғары білім беру жүйесін зерттеу әдіс-тәсілдері дамытылады, еліміздің жоғары білім беру жүйесіне Болон процесін енгізуде бітірушінің жаңа құзыреттілік моделін қалыптастырудың рөлі анықталады. .

Жүргізілген зерттеудің жаңашылығын анықтайтын нақты нәтижелілігі келесілер арқылы көрсетіледі:

Зерттеу нәтижелерінің келесі **ғылыми жаңашылығы** бар:

- жүйелілік тәсіл әдіснамасы негізінде «құзыреттілік модель» категориясы туралы ұғым дамытылған, «тұлғаға бағытталған оқыту процесі» ұғымының мән-мағынасы, оның маңыздылығы анықталған;
- Болон процесінің маңыздылығын дәлелденген;
- Қазақстан жоғары білім беру жүйесінің Болон процесіне ену барысы анықталған;
- Болон процесін енгізудің негізгі кезеңдері анықталған;
- құзыреттіліктер топтастырмасы анықталған;
- құзыреттілікті қалыптастыру жолдары анықталған.
- зерттеу проблема бойынша тәжірибешілік ұсыныстар шығарып, берілген.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеуде қарастырылған проблема бойынша ақпарат бір жүйеге келтірілген, жинақталған ақпаратты және шығарылған нәтижелерді жоғары оқу орын тәжірибесінде қолдануға болады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін құрайтындар. Болон процесін жоғары білім беру жүйесіне енгізу проблемалары бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми және әдістемелік еңбектері.

Зерттеуде келесі жалпы ғылыми әдіс-тәсілдері қолданылған: жүйелілік, диалектикалық, тарихи-логикалық, құрылымдық-функциональдық талдау. Оларды қолдану арқылы жоғары білім беру процесі тұтас, күрделі, дамитын жүйе ретінде анықталады.

Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасы. Қазақстан Республикасы білім және ғылыми министрлігінің мәліметтері, Болон үдерісіне кіру саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру бойынша материалдары.

Жұмыстың көлемі және құрамы. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыс --- бетте жазылған.

Зерттеу нәтижелері жариялыным тұрғысында ғылыми-практикалық конференцияларында,

1. Кильдибекова Б.Е.. тестілеу модульдік оқытудың құрамдас бөлшегі. Вестник ИнЕУ. №2, — Павлодар, 2004.

2. Кильдибекова Б.Е., Касимова К.К. К вопросу о внедрении компетентного подхода в процесс обучения//VII педагогические чтения: материалы конференции. — Павлодар, 2014.

3. В.Е. Kildibekova, A.K. Satinskaya. On the issue of implementing the competence approach in teaching process // Вестник ИнЕУ. №2, — Павлодар, 2014.

ГЛОССАРИЙ

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) оқу жылына арналған оқу және бақылау шараларының күнтізбесі, онда демалыс күндері де көрсетіледі (каникул, мереке күндері).

Академиялық кезең (Term) - ЖОО-ның тандаған түрлі оқу нысанының бірінің теориялық оқыту кезеңі: 15 апталық семестр; 10 апталық триместр; 8 апталық тоқсан.

Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) - бағдарламалық материалды игеру деңгейінің сандық көрсеткіші, ол аралық аттестация (Қорытынды бақылау) нәтижесінен құралады.

Академиялық дәреже (Degree) - білім алушылардың жоғары кәсіптік білім бағдарламасына сәйкес дәрежені игеруі. Дәрежені мемлекеттік қорытынды аттестацияның нәтижесі бойынша жоғарғы оқу орны береді.

Академиялық сағат - дәріс, тәжірибе (семинар) сабақтарының 1 сағатына (50 мин) тең немесе студиялық сабақтардың 1,5 сағатына (75 мин) немесе зертханалық сабақтардың 2 сағатына (100 мин), сондай-ақ оқу тәжірибелерінің барлық түрлерінің 1 сағатына (50 мин), педагогикалық тәжірибенің барлық түрлерінің 2 сағатына (100 мин), өндірістік тәжірибенің барлық түрлерінің 5 сағатына (250 мин) тең.

Академиялық анықтама (Transcript) - өткен оқу кезеңінде оқытылған пәндердің кредиттері мен бағалары көрсетілген тізбесінен тұратын, белгіленген үлгідегі құжат.

Қолға үлестіріліп берілетін материалдар (Hand-outs) - білім алушыларды тақырыпты (лекция тезистерін, сілтемелерді, мысалдарды, глоссарийді, өздік жұмысы тапсырмасын) өз мәнінде меңгеруге арналған сабақ барысында үлестіріліп берілетін белсенді көрнекі материалдар.

Ассистент, доцент, профессор (Assistant Professor, Associate Professor, Professor) - ЖОО-дағы -профессор-оқытушылар құрамының лауазымдары.

Бакалавр, магистр, доктор (Bachelor, Master, Doctor) - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламасын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәрежелер.

Екідипломдық білім беру нысаны - екі бірдей оқу жоспары бойынша білім алу мүмкіндігі. Аталған білім алу нысаны нәтижесінде екі бірдей диплом (Double Major) немесе негізгі және қосымша (Major- Minor) диплом алуға болады.

Кредиттерді жинақтаушы және трансферттің еуропалық жүйесі - Білім беру траекторияны, білім беру мекемені немесе білім алып жатқан елді ауыстыру жағдайында меңгерген оқу пәндерді (кредиттер мен бағаларды) салыстыру және қайта сынақтан өткізілуі белгілі бір білім беру бағдарламалары компоненттеріне (пәндер, курстар, модульдар) сынақ бірліктерін тағайындау арқылы жүзеге асырылады.

Оқу пәніне жазылу (Enrollment) - білім алушылардың оқу пәндеріне белгіленген тәртіпте алдын-ала жазылу процедурасы.

Жеке оқу жоспары - Эдвайзердің көмегімен типтік оқу жоспары мен эллективті пәндер жинағы негізінде жасалатын студенттердің жеке оқу жоспары.

Қорытынды бақылау (Final Exami-nation) - білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру үшін, оқу пәнін оқып-үйреніп біткеннен кейін, яғни академиялық кезең аяқталғаннан соң жүргізілетін тексеру; оны өткізу нысаны - емтихан (жазбаша, тест түрінде, ауызша).

Кредиттік оқу жүйесі - өздігінен білім алуды шығармашылықпен игеру деңгейін оқу үрдісін реттеу шеңберінде білім траекториясын жеке тандауы және кредит түріндегі білім көлемін ескеру, арттыруға бағытталған білім беру жүйесі.

Кредит - білім алушы/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшеудің бірыңғайландырылған бірлігі. Бір кредит білім алушының академиялық кезеңдегі бір апталық академиялық аудиториялық сағатына сәйкес келеді. Әрбір дәрістік, тәжірибелік (семинар) және студиялық сабақтардың академиялық сағаты міндетті түрде 2 сағаттың (100 мин). Бакалавриат студентінің өздік жұмысымен (СӨЖ) қоса жүргізіледі.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру - Жоғарғы оқу орнының қалауы бойынша студенттердің білімдерін әр түрлі тексеру нысандары (ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау)

Пән сипаттамасы - пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен аспайды).

Тіркеу бөлімі (Office of Registrat) - білім алушының оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркеу қызметі, білімді бақылау түрлерінің барлығын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Оқу жұмыс жоспары - Білім беру мекемелермен әр мамандық бойынша типтік оқу жоспарының және білім алушылардың жеке оқу жоспарларының негіздерінде жасалатын құжат.

Білім алушылардың аралық аттестациясы - Сессия кезіндегі білім алушылардың белгілі бір пәнді қаншалықты меңгергендерін бағалау.

Пререквизиттер - берілген пәнді оқып-үйрену үшін талап етілетін білім, біліктілік пен дағдылары көрсетілген пәндер.

Постреквизиттер - берілген пәнді оқып-үйренуді аяқтау үшін талап етілетін білім, біліктілік пен дағдылары керсетілген пәндер.

Пән бағдарламасы (Sillabus) - окитын пәннің сипаттамасы, мақсаты мен міндеті, қысқаша мазмұны, тақырыбы, әр сабақтың өту мерзімі, өздік жұмыс тапсырмалары, кеңестер (консультациялар) беру уақыты, оқытушының талпаптары, баға өлшемдері, межелік бақылау кестесі, әдебиеттер тізімі енгізілген пәннің оқу бағдарламасы.

GPA (орташа балл) - студенттің таңдаған бағдарламасы бойынша бір оқу жылындағы жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы

(қорытынды бақылау бағасы балының сандық баламасына шаққандағы кредит сомасының қатынасы).

Межелік үлгерім бақылауы - студенттің оқудағы жетістігін жүйелі тексеру оны академиялық күнтізбеге сәйкес тьютор жүргізеді.

Білім алушының өздік жұмысы - (ОЖСӨЖ) - тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығарма, есеп түріндегі бақыланатын, оқу-әдістемелік әдебиетпен және кеңестермен қамтамасыз етілген нақты тақырыптар тізбесі, білім алушылардың сипаттарына байланысты (СӨЖ) - студенттің өздік жұмысы болып бөлінеді. Студенттің оқытушы жетекшілігімен орындайтын өздік жұмысы (ОСӨЖ).

Тьютор - студенттерге нақты пәнді меңгеруде академиялық кеңесші рөлінде және оқу пәндерін жүргізетін оқытушы.

Сабақ үлгерімін ағымдық бақылау - пән бойынша дәріс беретін оқытушы өткізетін оқу пәнінің әр тақырыбы және тарауы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

Оқу жоспары - оқу пәндерінің білім берудің тиісті деңгейіне сәйкес тізбесі мен көлемін реттейтін негізгі құжат.

Эдвайзер (Advisor) - бітіруші кафедраның тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық ұстаз-жетекшісі міндетін атқарушы оқытушы. Эдвайзер оқу кезеңі бойы білім алушыға оқу траекториясын таңдауға, жеке оқу бағдарламасын игеруге ықпал етеді [3].

1 Білім беру саласында еуропалық жүйесінің құрылу процесі

1.1 Болон процесінің маңыздылығы

Болон процесі - еуропалық жоғары кәсіби білімде біртұтас жалпы - еуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жаһандану үрдісінің көрінісі. Алғашқы еуропалық университеттің отаны - Болонья қаласының (Италия) құрметіне аталған Болондық декларациямен (1999 ж.) бекітілген. 2004 жылға дейін Болондық процеске 40 ел мүше болды. Мүше-мемлекеттердің ағымдағы мәселелерін талқылау мақсатында мерзімдік кездесулерді ұйымдастыруды көздейді [1].

Болон процесі демократиялық жоғары технологиялық ақпараттық нарықтық қоғам талаптарына сай келетін және жеке бағыттылықты, тандау еркіндігін және өзіндік білім жолын игерумен, білім жинаудың ақпараттық-ізденімпаздық сипатын қалыптастыруды мақсат тұтады. Болон процесінің басты мақсаттарының құрамында еуропалық мәдени құндылықтарды дамытудағы университеттердің негізгі басты орнын мойындау; жоғары білімді қоғам талаптарына сай бейімдеу қажеттігі; білім орталықтарына қол жеткізу мақсатындағы азаматтардың жұмылуы; түлектердің кәсібін айқындауда түсінуге жеңіл, салыстыруға боларлықтай дәрежелер мен мамандықтар қабылдау; әртүрлі мәдениеттерге, тілдерге, ұлттық жүйелерге сыйқұрметпен қарау; университеттік автономияны және академиялық еркіндіктерді дамыту; үздіксіз білім беру; Болон процесі мүшелерінің арасында сенім философиясын орнату жатады. Ресмизандық тұрғыда Болон процесі Батыс Еуропа мен Қазақстанда қалыптасқан кәсіби білім деңгейін біркелкі "бакалавр-магистр" формуласымен теңестіріп, қазақстандық жоғары білім құжаттарының Еуропада мойындалуына жол ашып, мүмкіндік береді [2].

1999 жылдың 19 маусымында, Болон қаласында өткен арнайы конференцияда 29 еуропалық елдердің министрлері «Еуропалық жоғары білім аймағы» декларациясын басқаша Болон декларациясын қабылдауы, Процестің ресми басталуы болып саналады. Болон процесіне басқада елдердің қосылуына болады. Кейіннен үкіметаралық кездесулер Прагада (2001), Берлинде (2003), Бергенде (2005), Лондонда (2007), Лувенде (2009), Будапешт-Венада (2010) өткізілді. Қазіргі таңда Болон процесі 47 елді біріктіруде.

Болон процесі – жалпы қызмет принциптеріне негізделген жоғары білімнің біріңғай еуропалық жүйесінің құрылу процесі.

- Еуропалық білімнің бәсекелестікке қабілеттілігін және тартымдылығын жоғарылату;
- ұлттық білім жүйелерін жақындастыру;
- жоғары білімнің ұлттық жүйесін реформалауды қарастыратын жоғары білімнің құрылымдық қайта құрылу процесі, көпдәрежелі жоғары білімді енгізу;

- академиялық кредиттер жүйесін қабылдау;
 - білім сапасын бақылау;
 - студенттер мен оқытушылардың мобильділігін кеңейту;
 - нәтижелерге және студенттікорталықтандырылған оқытуға бағытталу
- Болон процесі шеңберіндегі басты ұстанымдарға жатады.

Болон реформалары «нәтижелерге бағытталу» және «студенттік орталықтандырылған оқыту» терминдерімен сипатталады. Бұл жерде сөз, оқыту нәтижелерін кең мағынада түсінуде болып отыр. Осы терминдер ECTS, модуляризациямен және институционалдық еркіндікпен байланыста болуды болжай отырып, педагогикалық практиканың алға жылжуының негізгі элементтері болуы керек [3].

Болон процесінің үш деңгейінің арасында баланс болу керек: өкіметке, жоғары оқу орындарына және студенттерге қатысты еуропалық деңгейде белгіленген мақсаттар; процесті жүзеге асырудағы жоолардың алатын негізгі рөлі; ұлттық стратегиялардың рөлі және алдыңғы екі деңгейдің бірігуіндегі және әрбір елдегі процестерге көмек көрсетудегі заңдылықтар.

Болон процесі – еуропа аймағындағы жоғары білім беруді және ғылыми зерттеулерді қорғау және жақсарту құралы, мөлдірлік пен мобильділікті көтеру құралы болып табылады. Болон процесі жоғары оқу орнының қоғамдағы орнын мойындайды және сапаға ерекше мән береді, бірақ сапаны қолдау мен оны жоғарылату, жүйе мен оның кадрларына берілетін мемлекеттік инвестицияны көтеруді талап ететіндігін айтады.

Қазіргі заманғы саяси-экономикалық даму жолы білім саласының жаңашылдықпен дамуын талап етуде. Қазақстан Республикасы 2011-2020 жылғы білім саласының мемлекеттік бағдарламасының басты кілті адамзат дамуының басты жүйесін айқындап берді.

Болон үдерісіне қосылу қазақстандық жоғары оқу орындарына отандық білім беру бағдарламаларын еуропалық стандарттарға сәйкестендіру, қазақстандық біліктіліктер мен академиялық сатыларды тану, студенттер мен оқытушылардың академиялық икемділігін қамтамасыз ету, қазақстандық дипломдардың Еуропада танылуы және түлектердің шетелдерде жұмысқа тұру мүмкіндіктерін кеңейту сияқты бірқатар басымдықтар береді.

Болон процесіне қосылу Қазақстанның жоғары мектебінің дамуының негізгі бағыттары мен артықшылығын анықтады. Әлемдік білім кеңістігіне ену ұлттың зияткерлік потенциалы мен бәсеке қабілеттілігі қарқынды түрде өсуіне себепкер болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның жоғары білім жүйесінің Болон процесіне қатысушы мемлекеттердің білім жүйесіне барынша ұқсас, жақын болып келуі бойынша бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Болон процесіне Қазақстанның қосылуы отандық ЖОО мен студенттер үшін нақтылы мүмкіндіктерді береді:

1. білім беру бағдарламаларының оқу жоспарын еуропалық стандартқа сәйкес келтіру;
2. отандық біліктіліктер және академиялық дәрежелерді мойындау;

3. студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігін қамтамасыз ету;

4. шетел университеттеріндегі қазақстандық ЖОО студенттерінің кредиттерін қайта есептеу және керісінше;

5. бірлескен білім беру бағдарламаларын құру;

6. отандық дипломның еуропа деңгейінде мойындалуы және бітіруші түлектердің әлемнің кез - келген елінде жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

Болон процесінің басты мақсаттарының ішінде еуропалық мәдени құндылықтарды дамытудағы университеттердің негізгі басты орнын мойындау; жоғары білімді қоғам талаптарына сай бейімдеу қажеттігі; білім орталықтарына қол жеткізу мақсатындағы азаматтардың жұмылуы; түлектердің кәсібін айқындауда түсінуге жеңіл, салыстыруға боларлықтай дәрежелер мен мамандықтар қабылдау; әртүрлі мәдениеттерге, тілдерге, ұлттық жүйелерге құрметпен қарау; университеттік автономияны және академиялық еркіндіктерді дамыту; үздіксіз білім беру; Болон процесі мүшелерінің арасында сенім философиясын орнату жатады. Ресми тұрғыда Болон процесі Батыс Еуропа мен Қазақстанда қалыптасқан кәсіби білім деңгейін біркелкі «бакалавр-магистр» формуласымен теңестіріп, қазақстандық жоғары білім құжаттарының Еуропада мойындалуына жол ашуына мүмкіндік береді.

Қорыта келе, осы жүйеге қосылу барысында көптеген мәселелер туындайды. Зерттеу нәтижелерін қазіргі уақытта тәжірибеде қолдануға болады.

Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесін бетбұрыстандыру бірнеше кезеңнен тұрды: 1 кезең – жоғары білім жүйесінің заңдық және нормативтік құқықтық базасының қалыптасуы (1991-1994 жылдар); 2 кезең – жоғары білім жүйесін модернизациялау, оның мазмұнын жаңарту (1995- 1998 жылдар); 3 кезең – білім беру жүйесін қаржыландаруды орталықсыздандыру, білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігін кеңейту (1999-2000 жылдар); 4 кезең – жоғары кәсіптік білім беру жүйесін стратегиялық дамыту (2001 жылдан бастау алған қазіргі кезең).

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі «Білім туралы» Заң (1999 жыл), «Білім» мемлекеттік бағдарламасы (2000 жыл), «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы» (2001 жыл), «2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (2004 жыл) сияқты стратегиялық нысандағы құжаттармен бекітілген.

Көптеген жоғары білім беру мекемелері Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану міндетінен білім берудің Болондық моделін жүзеге асыруда, ол төмендегідей деңгейлерден тұрады:

жоғары базалық білім/ жоғары арнайы білім: бакалавриат – «бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы;

жоғары ғылыми-педагогикалық білім: магистратура – «магистр» академиялық дәрежесін беретін жоғары ғылыми-педагогикалық бағдарлама;

- докторантура PhD – бұрынғы ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау жүйесінің орнын басатын бағдарлама.

Жоғары білімнің үш деңгейлік жүйесінің енгізілуі сонымен бірге, білім беру бағдарламаларының диапазонының кеңеюі мен олардың рыноктық экономика талаптарына сәйкес икемділігі мен шоғырлану дәрежесін күшейтуге бағытталған. Жоғары білімнің бұл моделінің жүзеге асырылуы өзінің өміршеңдігі мен өзектілігін көрсетті, сол сияқты оның келешекте әрі қарай өзгертілу қажеттілігін пайымдады. Қазақстан Республикасындағы жоғары білімнің үш деңгейлі моделінің даму бағыттары майда мамандықтар түрін қысқартып, оларды кеңірек пәндерге/ бағдарламаларға біріктіруді, бизнеспен өзара әрекеттестікті арттыруды, түлектердің еңбек рыногындағы қажеттілігін қамсыздандыруды қамтиды [4].

Қазақстанның жоғары білім жүйесінің қалыптасуының келесі бір жағымды тұсы – институционалдық құрылымдардың, оқыту бағдарламалары мен формаларының әртараптандырылуы, олардың университеттік білім беру жүйесіне бейімделуі. Қарастырылып отырған үдерістің маңызды бір тұсы жеке білім беру секторының дамуы мен кеңеюі болды. 2012 жылы еліміздегі жоғары оқу орындарының саны 139 болса, олардың 66-сы жеке меншік иелігінде болды.

Жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігіне және білім беру сапасына ықпал етуші факторларды біз төмендегідей топтарға бөле аламыз:

Объектінің білім беру қызметтерін алу сапасы (абитуриент, студент, аспирант, даярлық курстарының тыңдаушылары, кәсіби біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары).

Субъектінің білім беру қызметтерін беру сапасы (оқыту бағдарламаларының сапасы, профессор-оқытушылар құрамының сапасы, қызмет көрсету үдерісін ресурстық қамсыздандыру сапасы, материалдық-техникалық база, ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру, ғылыми-зерттеу сапасы).

Білім беру қызметтерін көрсету сапасы (білім беру қызметтерін көрсетуде қолданылатын технологияларды жүзеге асыру және оны ұйымдастыру, білім беру қызметтерін көрсету үдерісін бақылау сапасы, білім беру қызметінің нәтижесінің сапасы).

Тұтынушылардың қанағаттану дәрежесі (білім беру қызметтерін пайдаланушылардың сапаға қанағаттануы, білім беру қызметін көрсетушілердің өз жұмысына қанағаттануы, қоғам мүшелерінің білім дәрежесі).

Осы процестер бүкіл әлемде байқалып жатыр. Жүзеге асырылып жатқан жоғары білімнің реформалауында еуропалық институционалдық автономияның құндылықтары – академиялық бостандық және әлеуметтік әділдік енгізіледі, осы студенттер және персоналдың толық қатысуын талап етеді (Болонский үдерісі 2020 – Еуропалық жоғары білімнің жаңа онжылдықтағы кеңістігі // жоғары білім үшін жауапты Еуропалық

министрлері Конференциясының Коммюникесі, Левен / Лувен-ла-Нев, 2009 жылы 28-29 сәуір).

Болон үдерісіне Қазақстанның қатысуы жоғары білімдер аумағында салыстырмалы жүйені қабылдау арқылы Еуропалық білімге қол-жетерлік жағдай туғызуға, білім сапасын арттыруға және студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының мобильдік деңгейін көтеруге мүмкіншілік туғызады. Болон үдерісі – жоғарғы білімнің біртұтас еуропалық кеңістік құру мақсатымен Болон келісім-шарты шеңберінде білім жүйелерін үндестіру және жақындастыру үдерісі. Сонымен бірге білім және ғылымның ұлтаралық қатынасы әлемде қазақстандық білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, еуропалық өңірде отандық дипломдардың еркін конверсиялануын, бітірушілердің кез-келген елде жұмысқа орналасу құқығын мойындауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Орталық Азия мемлекеттерінің арасында Болон декларациясының мүшесі және еуропалық білім беру кеңістігіне толық құқықты қатысушы болған тұңғыш мемлекет болып табылады. Болон үдерісіне қосылғаннан кейін, қатысушы елдер оның негізгі қағидаларын орындау міндеттемелерін қабылдады.

Еуропалық жоғары білім аймағын құру және еуропалық жоғары білім жүйесін әлемге тарату үшін аса маңызды деп қарастырылады.

Болон үдерісінің міндетті қағидалары: Жоғары білімнің үш деңгейлі жүйесі; ECTS академиялық несиелер; Жоғары оқу орны студенттерінің, оқытушыларының, және әкімшілік қызметкерлерінің академиялық мобильдігі; Дипломға берілген еуропалық қосымша; Жоғары білімнің сапасын бақылау; Біртұтас еуропалық зерттеу кеңістігін құру.

Ұсынымдық шамалардың ұсынымдық сипаты бар және де Болон үдерісі қағидаларын таратуда бұлар маңызды болып табылады [5].

Болон үдерісінің ұсынымдық қағидаларына: Біртұтас еуропалық бағалаулар; Студенттердің белсенді қатысуы; Аз қамтылған студенттерді әлеуметтік қолдау; Өмір бойы білім алу.

Факультативтік қағидалар жұмыс берушілердің мүдделері және қоғам талаптарын есепке алынып оқу үдерісін жоспарлауда және ұйымдастыруда аса маңызды болып келеді.

Болон үдерісінің факультативтік қағидаларын: Дайындау бығыттары бойынша білім беру мазмұнын үндестіру; студенттердің дәстүрлі емес оқу траекториясы, таңдау бойынша курстар; модульдік жүйе; қашықтықтан оқыту, электрондық курстар; оқытушылар мен студенттердің академиялық рейтингтері.

Әлемдегі тарихи және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Болон үдерісінің негізгі қағидалары.

Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы.

Болон үдерісіне қатысты Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамытудың заман талабына сай тенденциялары

Ұлы Хартияға қол қойған ЖОО бірыңғай білім беру кеңістігін құру мөлшерлемелері.

Болон процесі деп жоғары білімнің еуропалық бірегей кеңістігін жасау процесін айтады. Ол соңғы жылдары еуропалық аймақта қарқынды дамып келе жатқан интеграциялық үрдістердің айқын көрінісі болып табылады. Еуропада біртіндеп бірегейленіп келеді: ортақ экономикалық кеңістік құрылды, шекаралар ашылды, бірегей валюта енгізілді, ортақ еуропалық еңбек нарығы қалыптастырылды. Бұл жағдайларда жоғары білім жүйесінің ала-құлалығы, берілетін біліктіліктердің сәйкессіздігі жоғары білікті жұмыс күшінің ұтқырлығын тежейді.

1.2 Болон процесі тарихынан, кезеңдерінің сипаттамасы

Болон процесі тарихында үш кезеңді :

1) алғышарт: Университеттердің Ұлы Хартиясынан (1988 ж.) Болон Декларациясына дейін;

2) басталуы: Болон Декларациясы (1999 ж.);

3) дамуы: Болон Декларациясынан кейін.

Еуропалық университеттер қауымдастығын және жоғары білімнің бірегей еуропалық кеңістігін құру идеясын Итлиядағы және жалпы Еуропадағы ең ежелгі Болон университеті ұсынып отыр. 1986 жылы өзінің 900 жылдық мерейтойына дайындалу барысында, ол Еуропаның барлық цуниверситеттеріне Университеттер Ұлы Хартиясын - Magna Charta Universitarum – қабылдауға үндеу тастады. Бұл ұсыныс ерекше ынтамен қабыл алынды және 1988 жылғы мерекелік салтанат барысында университеттік білімнің тұрақты құндылықтарын және әмбебаптығын ұсынатын, сонымен қатар олардың арасындағы тығыз байланысқа шақыратын бұл құжатқа 80-ге жуық ЖОО-дары ректорлары қол қойды.

Біртіндеп еуропалық жоғары білімнің ықпалдасу үдерісі университет деңгейінен мемлекеттік деңгейге көтеріле бастады. 1998 жылы Париждегі әлемге әйгілі Сорбон университеті қабырғасында мерейтой барысында 4 елдің білім министрлері (Франция, Ұлыбритания, Германия, Италия) кеңесі болып өтті. Олар қол қойған «Жоғары білімнің еуропалық жүйесінің сәулетін үйлестіру туралы» Сорбон декларациясы алғашқы рет еуропалық жоғары білім аймағын жасаудың стратегиялық мақсатын дәлелдеді және оқиғалардың бұдан әрі дамуын жеделдетті.

Ал 1999 жылы Magna Charta отаны Болоньяда тарихи жағдай орын алды, білімге жауапты отыз еуропалық министрлердің Бірінші конференциясы өтті. Олар қабылдаған, «Еуропалық жоғары білім аймағы» декларациясы салыстырмалылыққа жеткізетін негізгі мақсаттарды және Еуропа елдеріндегі жоғары білімнің ұлттық білім беру жүйелерін үндестіруді анықтады. 2010 жылы аяқталуы тиіс Болон процесі осы декларациядан бастау алады.

Бұдан әрі еуропаның білім министрлерінің кездесулері тұрақты түрде өте бастады және әр кездесу сайын Болон процесі қатарына жаңа елдер қосылатын болды. 2001 жылы министрлер Прагада бас қосты, 2003 жылы – Берлинде кездесті. Берлин конференциясы барысында Болон Декларациясына қол қойған елдер саны, Ресейді қоса алғанда қырыққа жетті. Төртінші кездесу Норвегияның Берген қаласында 2005 жылдың мамыр айында өтті. Ол жерде Болон процесіне енуге Украинамен бірге бұрынғы Кеңес Одағының бес елі құлық танытты. Бесінші кездесу 2007 жылы Лондонда, ал алтыншысы – 2009 жылы Левен/ Лувен-ла-Невада, жетіншісі – 2010 жылы Будапештте, сегізіншісі – 2012 жылы Бухарестте орын алды. Қазақстан Болон Декларациясына 2010 жылы қол қойды. Министрлердің шектік конференцияларынан бөлек Болон процесі шеңберінде, оның жекелеген аспектілеріне арналған бірқатар халықаралық шаралар да өткізіледі [6].

Шығу параметрлерге бағытталып орындалған, білім беру мемлекеттік стандарттары және негізгі білім беру бағдарламалары жоғары кәсіптік білім беру және жұмыс нарығы арасындағы көпір бола алады.

Сонымен қатар, нарық, өзгеру динамикасына, жоғары біліммен салыстырғанда, тез арада кері жауап береді. Осыған орай нарық жоғары мектепке жағымды әсер етеді, әлеуметтік тапсырыс берушілер санын арттырады. Бір жағынан, білім бері нәтижелері және құзыреттер «бірыңғай валюта» және жұмыс берушілер жоғары оқу орын арасында бірыңғай коммуникативтік тіл ретінде шығады. Басқа жағынан, педагогикада кеңінен тарап келе жатқан «қызметілік тәсіл» құзыреттілік амал арқылы нақты жүзеге асырыла алады (философтар айтқандай, «шешіледі»). Өзіміздің педагогикалық дәстүрге жақын тұратын тұлғалық тәсіл өзінің көрінісін студенттерге бағытталған білім беру үдерісінде табады. Биггс айтқандай, тәрбиелеу және оқыту екі субъектілерінің қызметтер синергиясы қалыптасады, немесе оқушы және оқытушы жүзеге асырып жатқандардың арасында «конструктивтік келісілу» орнатылады.

Мазмұнына қарай студентке бағытталған білім беру үдерісі отандық ЖОО бітірушілердің «құзыреттер капиталын» өсіруге мүмкіндік береді. Білім беру тәжірибесін жинақтау, жетістіктерін көрсету және тарату бүкіл академиялық қауымдастық үшін ортақ тәжірибеге айналады. Осындай жаңалықтарды енгізу үшін жетілдірілген оқыту технологиялары, студенттер және оқытушылардың жаңа жұмыс әдістері, жаңа білім беру ортасы, қайта қарастырылған бағалау құралдары және т.б. қажет. Жалпы бағалауда басым бағыт білім алушының құзыреттерді меңгеруін анықтау.

Еуропаның тәжірибесі көрсеткендей, аталған үдерісті жүзеге асыру көптеген жылдарға созылады. Осы үдерісте жаңа әдістермен қатар дәстүрлі тәрбиелеу-оқыту әдістерді де сақтап қалу керек, оларды болон үдерісінің концептеріне сәйкестендіру қажет. Осы талаптарға сәйкес болу үшін қалыптасқан, бір жүйеге келтірілген құзыреттілік оқыту тәсілінің технологиясы әлі де орын алған жоқ [6].

Жұмыс мазмұны және орындау тәртібі.

Бакалаврларды дайындаудағы құзыреттілік тәсілдің мән-мағынасы

Студенттердің кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Бітіруші дайындаудың құзыреттілік моделі.

Ашық білім берудің негізгі қағидалары.

Болон процесі - еуропалық жоғары кәсіби білімде біртұтас жалпы - еуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жаһандану үрдісінің көрінісі. Алғашқы еуропалық университеттің отаны - Болонья қаласының (Италия) құрметіне аталған Болондық декларациямен (1999 ж.) бекітілген. 2004 жылға дейін Болондық процеске 40 ел мүше болды. Мүше-мемлекеттердің ағымдағы мәселелерін талқылау мақсатында мерзімдік кездесулерді ұйымдастыруды көздейді. Болон процесі демократиялық жоғары технологиялық ақпараттық нарықтық қоғам талаптарына сай келетін және жеке бағыттылықты, тандау еркіндігін және өзіндік білім жолын игерумен, білім жинаудың ақпараттық-ізденімпаздық сипатын қалыптастыруды мақсат тұтады. Болон процесінің басты мақсаттарының құрамында еуропалық мәдени құндылықтарды дамытудағы университеттердің негізгі басты орнын мойындау; жоғары білімді қоғам талаптарына сай бейімдеу қажеттігі; білім орталықтарына қол жеткізу мақсатындағы азаматтардың жұмылуы; түлектердің кәсібін айқындауда түсінуге жеңіл, салыстыруға боларлықтай дәрежелер мен мамандықтар қабылдау; әртүрлі мәдениеттерге, тілдерге, ұлттық жүйелерге сыйқұрметпен қарау; университеттік автономияны және академиялық еркіндіктерді дамыту; үздіксіз білім беру; Болон процесі мүшелерінің арасында сенім философиясын орнату жатады. Ресмизаңдық тұрғыда Болон процесі Батыс Еуропа мен Қазақстанда қалыптасқан кәсіби білім деңгейін біркелкі "бакалавр-магистр" формуласымен теңестіріп, қазақстандық жоғары білім құжаттарының Еуропада мойындалуына жол ашып, мүмкіндік береді.

Болон процесі (Болондық кайтақұрылулар) – жоғары білім министрлерінің Декларациясына сәйкес, еуропалық жоғары білім жүйесін жақындату процесін белгілеу үшін жиі пайдаланылып жүрген термин. (Париж, 1998; Болонья, 1999; Прага, 2001; Берлин 2003).

Болон процесі – жалпы қызмет принциптеріне негізделген жоғары білімнің біріңғай еуропалық жүйесінің құрылу процесі.

Еуропалық білімнің бәсекелестікке қабілеттілігін және тартымдылығын жоғарылату;

ұлттық білім жүйелерін жақындастыру;

жоғары білімнің ұлттық жүйесін реформалауды қарастыратын жоғары білімнің құрылымдық қайта құрылу процесі, көпдәрежелі жоғары білімді енгізу;

академиялық кредиттер жүйесін қабылдау;

білім сапасын бақылау;

студенттер мен оқытушылардың мобильділігін кеңейту;

нәтижелерге және студенттікорталықтандырылған оқытуға бағытталу - Болон процесі шеңберіндегі басты ұстанымдарға жатады.

Болон реформалары «нәтижелерге бағытталу» және «студенттікорталықтандырылған оқыту» терминдерімен сипатталады. Бұл жерде сөз, оқыту нәтижелерін кең мағынада түсінуде болып отыр. Осы терминдер ECTS, модуляризациямен және институционалдық еркіндікпен байланыста болуды болжай отырып, педагогикалық практиканың алға жылжуының негізгі элементтері болуы керек.

Болон процесінің үш деңгейінің арасында баланс болу керек: өкіметке, жоғары оқу орындарына және студенттерге қатысты еуропалық деңгейде белгіленген мақсаттар; процесті жүзеге асырудағы жоолардың алатын негізгі рөлі; ұлттық стратегиялардың рөлі және алдыңғы екі деңгейдің бірігуіндегі және әрбір елдегі процестерге көмек көрсетудегі заңдылықтар.

Болон процесі – еуропа аймағындағы жоғары білім беруді және ғылыми зерттеулерді қорғау және жақсарту құралы, мөлдірлік пен мобильділікті көтеру құралы болып табылады. Болон процесі жоғары оқу орнының қоғамдағы орнын мойындайды және сапаға ерекше мән береді, бірақ сапаны қолдау мен оны жоғарылату, жүйе мен оның кадрларына берілетін мемлекеттік инвестицияны көтеруді талап ететіндігін айтады.

1999 жылдың 19 маусымында, Болон қаласында өткен арнайы конференцияда 29 еуропалық елдердің министрлері «Еуропалық жоғары білім аймағы» декларациясын басқаша Болон декларациясын қабылдауы, Процестің ресми басталуы болып саналады. Болон процесіне басқада елдердің қосылуына болады. Кейіннен үкіметаралық кездесулер Прагада (2001), Берлинде (2003), Бергенде (2005), Лондонда (2007), Лувенде (2009), Будапешт-Венада (2010) өткізілді. Қазіргі таңда Болон процесі 47 елді біріктіруде.

Болон процесінің негізгі мақсаттары:

- жоғары білімнің еуропалық аймағы - бұл азаматтардың жұмысқа орналасу мүмкіншілігін жоғарлату мақсатында ұтқырлығын дамытудағы маңызды бағыт;

- еуропаның зияткерлік, мәдени, әлеуметтік және ғылыми-техникалық потенциалын құру және нығайту; еуропалық жоғары мектептің әлемдегі мәртебесін жоғарлату;

- басқа білім жүйелерімен студенттерге, қаржыға, ықпалға күресу мақсатында еуропалық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету; ұлттық жоғары білім жүйелерінің жоғары салыстырылымдылығы мен сәйкестілігіне жету; білім сапасын арттыру;

- еуропалық сана қозғалтушысы болып қарастырылатын, еуропалық мәдени байлықты дамытудағы университеттердің маңыздылық орнын жоғарлату [7].

Болон процесіне қосылу

Болон процесіне елдер ерікті негізде, тиісті декларацияға қол қоюы арқылы қосылады. Олар өзіне, кейбірі мерзімдермен шектелген, нақтылы міндеттемелерді жүктейді:

2005 жылдан бастап Болон процесіне қатысушы елдердің ЖОО барлық бітірушілеріне бакалавр және магистр дипломдарына біртұтас үлгілі еуропалық қосымшаларын тегін беруді бастау;

2010 жылға дейін ұлттық білім жүйелерін Болон декларациясының қағидаларына сай реформалау.

Болон процесін басқару құрылымы

Болон процесін дамыту және құрылым жөніндегі барлық сұрақтарға шешім қабылдайтын жоғары орган, екі жылда бір жиналатын, қатысушы елдердің министрлер мәжілісі болып табылады. Министрлер мәжілістері арасында Болон процесінің басқарушы органы болып Болон жұмыс тобы (Bologna Follow-up Group) болып саналады, оның құрамына әр елдің 2-3 өкілі кіреді, әдетте біреуі тиісті министрліктен және біреуі елдің академиялық бірлестігінен. Болон жұмыс тобына сол мерзімде Еуроодақта төрағалық ететін елдің өкілі төрағалық етеді. Топ Болон процесі сұрақтарына қатысты халықаралық тақырыптық семинарлар кестесін бекіту, кезекті министрлер мәжілісіне ақпарат жинақтау, мәжіліске енгізу алдында қатысушы елдердің баяндамаларын талқылаумен айналысады және т.б. Болон тобының мүшелерінен, келесі министрлер мәжілісі өткізілетін елдің, алдыңғы жылы Еуроодақта төрағалық еткен елдің өкілдерінен бір жылға төрағалық ететін Кеңес (Board) сайланады, ол төраға және вице-төрағадан құрылады, сонымен қатар Еурокомиссия өкілдері және дауыс беру құқығы бар Еуропалық университеттер ассоциясының мүшелері (EUA), Еуропалық жоғары оқу орындары ассоциясы (EURASHE) және Еуропа студенттерінің Ұлттық одақтарының (ESIB) өкілдері кіреді. Сонымен қатар хатшылық құрылады: оның құрамына министрлер мәжілісі өтетін елдің 3 Білім министрлігі қызметкерлері кіреді. Хатшылық Кеңес пен Топтың жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру және техникалық жұмыстармен айналысады.

Болон процесінің негізгі мақсаттары.

Болон декларациясы мәтінінде интеграциялық үдерістің алты негізгі мақсаты тұжырымдалған:

1. Жеңіл түсінілетін және салыстырмалы деңгейлер жүйесін қабылдау, оның ішінде еуропалық азаматтардың еңбекпен қамтылуын және еуропалық жоғары білім жүйесінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге арналған жалпы Еуропалық дипломға Қосымшаны енгізу арқылы.

2. Деңгейге дейінгі (undergraduate) және деңгейден кейінгі (graduate) - екі циклге негізделген жүйені қабылдау. Екінші циклге қол жеткізу ұзақтығы үш жылдан кем болмайтын оқытудың бірінші циклын сәтті аяқтауды талап етеді. Бірінші циклді аяқтағанда берілетін дәреже, еуропалық еңбек нарығында талап етілетін тиісті деңгейдегі біліктілік болуы тиіс. Екінші цикл

көптеген Еуропа елдеріндегідей магистр дәрежесіне және/немесе доктор дәрежесіне қол жеткізуге алып келуі тиіс.

3. Кең ауқымды студенттік ұтқырлықты қолдаудың тиісті құралы ретінде ECTS – еуропалық кредитті трансферлеу жүйесі - үлгісі бойынша кредиттер жүйесін енгізу. Кредиттер қабылдаушы мүдделі университеттер оларды таныған жағдайда, жоғары болып табылмайтын, оның ішінде бүкіл өмір бойына білім алу (lifelong learning – LLL) шеңберінде де алынуы мүмкін.

4. Төмендегілерге назар аудара отырып, еркін қозғалысты тиімді жүзеге асыруда кедергілерді артқа тастау жолымен ұтқырлыққа көмектесу:

- оқушыларға білім алуды және практикалық дайындықты, сонымен қатар ілеспе қызметтерді алуға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;
- оқытушыларға, зерттеушілерге және әкімшілік қызметкерлерге, олардың заңмен белгіленген құқықтарына еш зиянсыз, еуропалық аймақта зерттеулер, оқытулар және машықтанулар өткізуіне жіберген уақыты кезеңдері танылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

5. Салыстырмалы критерийлер және әдіснамаларды әзірлеу мақсатында, білім беру сапасын қамтамасыз етуде еуропалық әріптестікке көмектесу.

6. Жоғары білімдегі қажетті еуропалық көзқарастарға көмек көрсету, әсіресе оқу жоспарларын дамытуға, институт аралық әріптестікке, ұтқырлық сызбаларына, бірлескен оқыту бағдарламаларына, ғылыми зерттеулерді өткізуге және практикалық дайындалуға қатысты.

Жоғарыда айтылғандардан, болашақ еуропалық үйлестірілген үлгі үшін көптеген еуропалық және тек еуропалық қана емес елдерде әртүрлі нұсқаларда қолданылатын, Ұлыбритания мен АҚШ үшін әдеттегі болып табылатын жоғары білімнің екі деңгейлік жүйесі (бакалавриат – магистратура) болып табылады. Екі деңгейлік жүйені таңдау үшін дәлелді негіздер болуы тиіс. Қазіргі таңда білімді тұрақты түрде толықтырып отыру қажет. Сондықтан, түлекті ауқымды дайындықтан өткізу және білімін, шеберлігін және машықтарын қажеттілігіне байланысты толықтыруға, жаңғыртуға үйрету қажет. Бакалавриат осындай дайындыққа бағытталған (әртүрлі жүйелерде – 3-тен 4 жылға дейін). Бакалавриат аяқталған жоғары білім береді, бакалавр дипломын алған түлектер тиісті штаттық қызметтерді атқара алады. Магистратура (әдетте 1 – 2 жыл) бір жақты және тереңдетілген мамандандыруды меңзейді, магистрант негізінен ғылыми-зерттеушілік және/немесе оқытушылық жұмыстарға бағытталған.

Кәсіптік білімге заманауи көзқарастың негізгі ерекшелігі оның үздіксіздігі, біліктілікті тұрақты түрде жетілдірудің, бүкіл өмір бойына оқудың (LLL) қажеттілігі болып табылады. Болон декларациясында бұл жағдайға ерекше назар аударылған.

Болон процесінің 2010 жылға дейінгі негізгі мақсаттары

- жоғары білімнің еуропалық аймағын азаматтардың, еңбекке қамтылу мүмкіндігімен ұтқырлықтарын дамытудың негізгі бағыты ретінде құру;

- Еуропаның зияткерлік, мәдени, әлеуметтік және ғылыми-техникалық әлеуетін қалыптастыру және бекіту;
- еуропалық жоғары мектептің әлемдегі беделін арттыру;
Кредиттік жүйе алғаш рет Америка Құрама Штатында пайда болды. Оның негізін 1870 жылдары Гарвард университетінің Президенті, белгілі Американдық білім қайраткері Чарльз Элиот салып, «кредит-сағат» ұғымын қоғамға енгізген болатын. Бұл жүйе алғашында пәндер көлемі жүйесінің шешуін өлшеуші «кредит-сағат» болып енгізілді. 1892 жылдан бастап «кредиттік-сағаттық» жүйенің екінші кезеңі басталып, осы кезде АҚШ-тың ұлттық білім комитеті университет, колледж, мектеп топтарын жақсарту мақсатында, оқу бағдарламаларын стандарттауда «кредит» ұғымын тек университет пен колледждерде ғана емес, орта мектептерде де, енгізе бастады [1, 2-3 б.];

Европалық елдердің сынақ бірлігіне көшу мақсаты бұл, алдымен халықаралық «тұнықтық» жетістігі, қазіргі кездегі білім жүйесінің дауы мен дербес елдердің біліктілігін сақтау, көтеру арқылы білім беру саясатында оқу орындарының білім беру облысында да сақталды.

1999 жылы 19 маусымда жоғары білімнің бірыңғай құрылымын енгізу үшін Болон декларациясы қабылданған болатын. Оған 29 ел қол қойды. Барлық ұлттық жүйелерде, жоғары білім жүйесінің сынақтық бірлігін енгізу үшін European Credit Transfer System (ECTS) немесе басқа, ECTS жүйесімен бірігіп, қайта сынақтауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жинақтаушы қызметін, және де академиялық оқу кепілдігін шет елде тану туралы шешім қабылдану (1999 ж. ECTS 1062 европалық жоғары оқу орындарына енгізілді) [2, 8-9 б.];

Осы заманғы болып жатқан интеграциялық құбылыстар қоғам тіршілігінің барлық жағына өз әсерін тигізді. Халықаралық процестермен қатар жүруге ниеттелген мемлекет қазіргі кезде қалыптасқан барлық ғылымдандырудың көріністеріне тікелей назар аударды деуге болады. Соңғы 10-15 жылда шетел мемлекеттерінің білім жүйесінде жоғары деңгейдегі қарыштық даму жағдайы жүзеге асып жатқаны бәрімізге белгілі. Әрбір мемлекеттің қоғам өмірінде ғылыми, мәдени, экономикалық, саяси жүйелеріндегі қалыптасқан ескі көзқарастар түбегейлі өзгеріске ұшырады [3, 11-12 б.];

Кеңес Одағының ыдырауы және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы жаңа білім жүйесінің дамуындағы ізденістерге әкелді. Әлемде танылған батыс елдерінің экономикалық, әлеуметтік прогрестері Қазақстан үшін үлкен

бағдар болды. Әрине, оқу бітіруші түлектер бәсекелестік қабілеттілігімен білім беру кеңестігінің таңдауында оқушыға дербестік беру, оқытудың деңгейін көтеру, еңбек сұранысына бағдарланған, оқу бағдарламаларының жоспарлауын икемді ғана болуы мүмкін, әлемдік білім беру көрсеткендей қазіргі білім талаптарына кредиттік оқыту технологиясы сай келді. [4, 19-20 б.];

Кредиттік оқыту технологиясы оқытудың бағытсыз жүйесі—оқу процесінің ұйымдастыру тәсілін белгілейтін оқушыларға белгіленген шегінің (құрауыш қалауы және оқытудың қосымша түрлері бойынша) білім беру процесінің жеке жоспарлау мүмкіндігі болады. Қатаң жүйеде, белгіленген көлемде, оқыту логикасына сәйкес, белгіленген мерзімде білімдік кәсіптік бағдарлама пәндерін оқушыларға оқытатындығын бағытты оқыту жүйесі жобалайды.

Біздің республикамыздың жоғары оқу орындарында кредиттік жүйені енгізуде шетел мемлекеттерінің тәжірибесі мен халықаралық тәжірибенің маңызы өте зор. Солай болғандықтан, осы технология Қазақстанның жоғары оқу орындарында белсенді жұмыс еткендіктен отандық тәжірибені оқу мәнді болады, одан басқа да аймақтық жоғары оқу орындарының жинақталған тәжірибесін есепке ала отырып, консультация және әдістемелік көмек көрсету қажет [5, 17-18 б.];

Қазақстан Республикасында кредиттік оқу жүйесі 19 ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан біртіндеп қалыптаса бастады. Елімізде 2007 жылы 15 тамызда «Білім туралы» жаңа заң қабылданды. Осы заңның 11 бабында білім жүйесі мәселелерінің бірі болып оқытуда жаңа технологияларды тиімді пайдалану және енгізу, сонымен қатар кредиттік, дистанциялық, ақпараттық-коммуникациялық оқыту кәсіби білімнің қоғамда және еңбек нарығында болып жатқан өзгерістер қажеттілігіне тез үйлесуге мүмкіндік туғызатыны атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру мақсатында №66-шы «кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» әзірленген және бекітілген. Кредиттік оқыту технологиясы — бұл білім беру технологиясы, өз бетімен білім алу деңгейін көтеру және дара негізінде шығармашылық білімді меңгеру, оқу процесін және білім көлемін кредит негізінде есепке алуды, білім беруді таңдап алған траекториясын регламенттеу болып табылады [6, 15-16 б.];

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бір академиялық сағат ұғымы барабарлық өзгерістерге ұшырайды, дәрістік, практикалық (семинарлық) сабақтар 1 байланыс сағатқа (50 минутқа) немесе студиялық оқыту 1, байланыс сағатқа (75 минутқа) немесе лабораториялық және дене тәрбиесі сабақтары 2 байланыс сағатқа (100 минутқа), сонымен қатар барлық оқу практикалар түрлері 1 байланыс сағатқа (50 минутқа), барлық педагогикалық практикалар түрлері 2 байланыс сағатқа (100 минутқа), барлық өндірістік практикалар түрлері 5 байланыс сағатқа (250 минутқа) тең.

Оқуды аяқтау үшін студент құрауыш бойынша міндетті түрде белгілі мөлшерде кредит алуы керек:

міндетті түрде;
таңдау бойынша;

Оқушы (студент) өзінің білім беру бағдарламасын тәлімгер — кеңесші (эдвайзер) — көп тәжіребесі бар оқытушы арқылы жасайды. Оқу пәндерін меңгеруге көмек көрсету үшін тьюторлар (оқытушылар) ұсынылады. Тьютордың міндеті — оқушының (студенттің) оқу әрекетінің барысын қадағалау және оқушыға (студентке) өтілген оқудың барынша толық көлемде оқытушыға кері қайтарылуы. Яғни, 15 апта бойы өтілген сабақты меңгеріп, оқытушыға айтып беру, сондай-ақ кредитін өтеп беру болып табылады. Топтық консультациялар өткізу (оқу процесінің ішінде). Оқу процесін іске асыру үшін оқытушының және оқушының әр пән бойынша формалар мен құралдары, баспа және электрондық түрде курсты бейнелейтін, оқушылардың (СӨЖ) өз бетімен игеру деңгейін бақылайтын, олардың өткізу мерзімі мен мазмұнын көрсететін оқу-әдістемелік кешені болуы қажет. Студенттің өздік жұмысының жоғары тиімділігін қамтамасыз ету үшін, мазмұны мен оларды өткізу мерзімі көрсетілген оқушының басшылығымен студенттердің өздік жұмысын қабылдайды [7, 3-4 б.];

Анықтамалық — жолсілтемеге келесі міндеттер енгізіледі:

Студенттің құқығы мен міндеті;

Оқу кезеңіндегі жұмыс жоспары;

GPA орта балынан есеп айырысу әдістемесі;

Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға қойылатын талаптар.

Оқу пәні бойынша оқу әдістемелік кешені мыналардан тұрады:

Әр пән бойынша силабус — бағдарламаларды оқытудан;

Практикалық (семинарлық) сабақтардың жоспарынан;

Студенттің өзіндік жұмысы бойынша тапсырмаларынан;

Студенттің оқытушы басшылығымен орындалатын өзіндік жұмысы бойынша тапсырмаларынан;

Және тағы басқалардан тұрады.

Оқу сабақтарын оқыту белсенді шығармашылық формаларда (кейс-сатылар, тренингтер, пікірталастар, дөнгелек үстелдер, семинарлар және т.т.) өткізу керек. Оқу пәні бойынша білімді бақылау формасы – емтихан болады. Білімдері көп балды әріптік жүйе бойынша бағаланады. Қорытынды аттестаттауды өткізу формасы дипломдық жұмысты қорғау немесе мемлекеттік емтихандарды тапсыру болады [8, 13-14 б.];

Оқу процесінің негізгі кезеңін жоспарлауда техникалық және кәсіби білімді кредиттік оқыту жүйесіне ауысуды ұйымдастыруда, осы бағытта кемшіліктерді талдай отырып, сөзсіз қиыншылықтар туындайтынын айта кету керек:

Кредиттік технология бойынша оқу процесін жоспарлау кезеңдерін талдай отырып, біз оның жағымды жағдайы мен артықшылығында көреміз. Тек оқытушының ғана емес, оқушылардың да академиялық еркіндіктерін кеңейту; оқушылармен пәндерді таңдау (50%-ға дейін) оқытушының

жағынан кең спектр ұсыныстарын таңдау болып келеді. Бұл екі жақтың да жауапкершілігін тудырады, осының нәтижесінде оқу процесі тең дәрежелі адамдар сұхбатына айналады [9, 9-10 б.];

Кафедраның оқу үрдісі Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және бекітілген 5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті». мамандығының Типтік бағдарламасына сай жүргізіледі.

Оқу үрдісінің бүтіндігі және негіздемесі МЖББС талаптарын қамтамасыз етеді. Пәннің оқу үрдісінің типтік жоспарының мазмұны және құрылымдық-қисынды схемаға сай қалыптастырудың бірізділігі құзыреттілікті жалпыдан кәсібилік пәндер жүйесі арқылы оқытылады.

Кредиттік оқыту жүйесін жүзеге асыру үшін ББ оқу жоспарының төрт түрі қолданылады: типтік оқу жоспары, базалық оқу жоспары, элективтік пәндер каталогі, элективтік пәндер каталогынан тізімдеме, студенттің жеке оқу жоспары, жұмыс оқу жоспары.

Академиялық еркіндік шеңберінде университеттің Ғылыми кеңесінде оқу жоспарының үш түрі бекітіледі: ББ, ЭПК, ЭПК пәндер тізімдемесі. Аталған оқу жұмыс жоспарлардың түрлері функциялары бойынша ерекшеленеді: базалық оқу жоспары – ірі, студенттің ЖОЖ – базалық жоспар және ЭПК ескере отырып, құралады; ЖОЖ студенттің ЖОЖ-нан құралады. .

Базалық оқу жоспарын, ЭПК және олардың мазмұны кафедрада барлық оқу мерзіміне құралады. Студенттік ЖОЖ құруға эдвайзер және студент қатысады. ЖОЖ құруға декан қатысады. ББ тұтастылығын қамту мақсатында аталған жоспарлар арасында екі түрлі байланыс орнатылады: міндетті компонент пәндері арасындағы нұсқауларысыз байланыс, таңдау компонент пәндері арасындағы нұсқаулы байланыстар.

Кафедра жанында оқу және тәрбие үрдісін ұйымдастыруды, мазмұны мен әдістемесін айқындайтын нормативті және оқу-әдістемелік құжаттар кешені қамтылған. Оның құрамына:

- Ұлттық білім беру жүйесі шеңберінде ҚР заңдылығына сәйкес толық өзін-өзі қаржыландыру шартымен құрылған 5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті». мамандығын даярлау құқысын дәлелдейтін 16.10.2010 ж. №0137472 лицензия, 5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті». мамандығының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;

- Типтік оқу жоспарлары (Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖМБС 3.08.267-2006) және ҚР БЖҒМ ұсынған Абай атындағы ҚазҰПУ-дің типтік бағдарламасы (Алматы, 2006) негізінде жасалған);

- Кафедраға бекітілген пәндер бойынша типтік оқу бағдарламалары;

- Мамандық бойынша күндізгі және сырттай оқыту түрі үшін жұмыс бағдарламалары;

- Кафедра оқытушылары жүргізетін пәндер бойынша жұмыс бағдарламалары;

- Мамандықтарды оқу-әдістемелік кешені (МОӘК);

- Пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешен (ПОӘК);

- Кафедра жұмысының жоспары;
- Кафедра отырыстарының хаттамалары;
- Өзара сабаққа қатысу журналы;

Типтік оқу бағдарламалар негізінде жыл сайын Модульдік білім беру бағдарламалары (МБББ) және мамандық бойынша білім беру бағдарламалары, кафедраның ПОҚ жүргізетін барлық пәндерден оқу жұмыс бағдарламалары құрастырылып бекітіледі.

5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының Білім беру бағдарламасы бойынша кафедрада мамандық пәндерінің МОӘК және ПОӘК құрастырылған. МОӘК құрамы МЖББС талаптарына және университетте қабылданған ПОӘК құрастыру талаптарына жауап береді. Білім беру бағдарламасы бойынша даярлау мазмұнын көрсететін пәндердің жұмыс бағдарламалары кәсіби сала мен аймақтық еңбек нарығының отандық және шетел тенденцияның дамуына сәйкес типтік бағдарламаларды ескере отырып құрастырылады. МОӘК және ПОӘК құрастыру реті мен үрдісі университеттің ішкі нормативті құжаттарымен ресімделеді.

Оқу-тәрбие үрдісінің әдістемелік қамтамасыз етілу деңгейі мамандарды сапалы даярлаудың қазіргі заман талаптарына сәйкес келеді. Кафедрада жүргізілетін пәндер бойынша өздік жұмыстары орындауына оқу-әдістемелік құрастырылымдар мен ұсыныстар бар. Олардың барлығы кафедра отырыстарында және академияның оқу бағдарламалары бойынша комитетінің отырыстарында қарастырылып бекітілген. Кафедра жанында жоғары мектепте білім берудің заманауи әдістеріне арналған «Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру жолдары», «Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру жолдары», «Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» әдістемелік семинарлар жүргізіледі. Оқу жұмыс жоспарларының мазмұны типтік жоспарға сәйкес келеді. Мамандық бойынша типтік бағдарламалар толық қамтылған.

Кафедра жанындағы ағымдағы және қорытынды бақылау университетте қабылданған студенттердің білімін рейтингтік бағалауға сәйкес ұйымдастырылады.

5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру жалпы орта білім мектебі (ЖОМ) негізінде күндізгі оқыту түрі бойынша (4 жыл) және техникалық және кәсіби білім беру (ТЖКББ) негізінде (3 жыл) кешкі және сырттай оқу түрі бойынша жүргізіледі.

2007 жылдан бастап қашықтықтан оқыту технологиясын (ҚОТ) пайдалану арқылы жоғары оқу орнынан кейін де (2,5 жыл) оқытылады. 1 кесте. (ТБ-нен алынған контингентке сәйкес көрсету).

Өндірістен босатпай мамандар даярлау бойынша оқу үрдісін жүзеге асыру үшін кафедра жанында оқу жұмыс жоспарлары, оқу жұмыс бағдарламалары құрастырылып бекітілді және пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер мен қажетті оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу бар

(курстық жұмысты орындау үшін әдістемелік құрастырылымдар және ұсыныстар, қажетті сұрақтар мен тапсырмалар).

Пәндерді жыл және семестр бойынша бөлу ЖОЖ МЖББС, типтік жоспар және мамандықтың құрылымдық-қисынды схемасына сәйкес іске асырылады. Студенттердің оқу жүктемесі семестрлер бойынша бір келкі бөлініп 18-22 кредитті құрайды. Бақылау түрі семестрде 7-8 емтиханнан тұрады.

5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша студенттің аудиториялық жүктемесі мен өздік жұмысының ара қатынасы пәндердің типтік бағдарламасымен, кредиттік технология (КРЕДИТ ҚҰРЫЛЫМЫ) талаптарымен анықталады, курстық жұмыс пен өндірістік тәжірибешіліктің орындалуын жоспарлау олар сағат көлемі.

Кредиттік технология талаптары кредит құрылымы шеңберінде теориялық және практикалық құрылымдардың өзара қатынас сәйкестігі пәндердің білім беру мазмұнының талаптарына және олардың қалыптастыратын құзыреттілігіне сәйкес іске асырылады. Бірдей кредит саны, дәріс сағаты бар екі пәннің практикалық сағатқа берілу саны білімді жоғары талап ететініне беріледі. Егер пәннің мазмұны дағды мен біліктілікті қалыптастыруға практикалық бағытталған болса, онда практикалық сағаттар саны дәріс сағаттары мөлшерінен артық жоспарланады.

Кафедрада студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру үшін электрондық және магниттік тасушыларда СӨЖ, ОСӨЖ тақырыптары мен әдістемелік қамтамасыз етілген.

Кафедра жанында кафедраның жұмыс жоспары және отырыстардың хаттамалары, жылдық есептер, кестелер мен өзара сабаққа қатысу парақтары, ашық сабақтар, ПОҚ жеке жұмыс жоспарлары, тест тапсырмалары, курстық және бақылау жұмыстардың тақырыптары, тәжірибешілік туралы есептер бар. Барлық құжаттар қазақ тілінде жүргізіледі.

Кафедраның жұмыс жоспарының талдауы оларда келесі мәселелердің қарастырылатынын көрсетті: (кафедра отырыстарында қарастырылатын сұрақтар көрсетіледі).

Кафедраның ОПҚ оқыту әдістемесін жетілдіріп отырады.

Дәріс және семинар сабақтарында дәстүрлі және белсенді оқыту әдістері қолданылады.

Аралық бақылау жүргізу әдістемесі жетілдірілген, тест тапсырмаларының базасы кеңейтілді. Кафедра жыл сайын мамандық бойынша ақпаратты және жүргізілетін пәндерді ұсыну арқылы кафедра сайтын жаңартып тұрады.

Өзіндік аттестациялауға қатысқан 5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ҚР МЖББС талаптарын қамтамасыз етеді. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер Жас маман моделін даярлауда және оқыту көлемін кредит-сағатта есептеуде құзыреттілігі - ҚР МЖББС ерекшелігі болып табылады.

МЖББС және ИнЕУ миссиясына сәйкес мақсатты бағдарланған

2.3 Оқу процесін қамту және сүйемелдеу

5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» даярлау құзыреттілікті, миссияны іске асыруға, түлектердің аймақтық еңбек нарығында және олардың кәсіби және географиялық тұтастығын, бәсекеге қабілеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты №1080 23.08.2012 ж. (Астана, 2012) негізінде мамандықтың оқу жұмыс жоспарлары құрастырылған.

Соңғы үш жылда кафедра ОПҚ жалпы көлемі 55, 25 б.б. 3 оқу-әдістемелік ұсыныстар, солардың ішінде мемлекеттік тілде басылып шығарылды. Бұл айтылғандарға:

Қазақ тілі Практикалық курсының жұмыс дәптері (Оқулық) Алматы қ. «Арыс» баспасы, 2014.- 212 бет; «Етіс табиғатының функционалдық сипаты». Оқу құралы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 192 бет; «Етіс табиғатының ғылыми негіздері» 2-басылымы. Оқу құралы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 408 бет; (профессор м.а. Имамбаева Ғ.Е.)

2011-2012 о.ж. студенттердің үлгерімі 100 %; 2012-2013 о.ж. 100 %; 2013-2014 о.ж. 100 % құрады.

Студенттердің білім сапасын анықтау мақсатында БЖТБ өткізіледі. Осындай бағалау нәтижелері бойынша 5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқитын студенттер 2013 о.ж. – 69,15 балл алды, 2014 о.ж. – 69,15 балл алды.

Кафедрада ОПҚ жүктемесі ҚР МЖББС .03.015 – 2009 ж. «Оқу жұмысы және педагогтік жүктеме. Негізгі ережелер» және ҚР МЖББС 5.03.016- 2009 «Жоғары оқу орындарында дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау ережесін» есепке ала отырып жоспарланады.

Оқытушылардың оқу жүктемесін кафедра меңгерушісі жыл сайын оқу жылы соңында іске асырып, академия директоры оқу-әдістемелік жұмыс бойынша басқарма бастығымен келісе отырып бекітеді де кафедра отырысында талқыланады. Оқытушылардың орташа жүктемесі бір мөлшерлемеге 850 сағат құрайды.

Кафедрада

- кафедра ОПҚ оқу жүктемесінің есебі;
- кафедра ОПҚ жеке жұмыс жоспары;
- ай сайын толтырылатын ОПҚ жүктемесіне арналған карточкалар;
- оқытушылардың оқу жүктемені семестрде және жыл бойы орындағандықтары туралы есептері (онда жоспарланғаны және факті түрде өткізілгені көрсетіледі) бар.

Оқу сабақтарың кестесінің тұрақтылығы және оның орындалуы оқу үрдісінің Кестесін (академиялық календарь) қамтиды. ОПҚ жылдық жүктемесі факультеттің оқу жұмыс жоспарына және оқытушылардың жеке жоспарларына сәйкес жоспарланады.

Оқу сабақтарының кестесі оқу үрдісін ұйымдастырушы және бақылаушы бөлімнің диспетчерлерімен құрастырылады. Оның орындалуын бақылау оқу үрдісін ұйымдастырушы және бақылаушы бөлімі, деканат және кафедраға жүктеледі.

Міндетті компоненттер бойынша оқу жұмыс бағдарламалары пән және пән компоненттерінің типтік бағдарламалары негізінде құрастырылады және келесі талаптар орындалады:

- аталған пәндік салада қазіргі заман жағдайына, тенденцияға және ғылымның дамуына, пән бойынша тәжірибешілікке сәйкестігі (гуманитарлық пәндер, техника, технология, информатика, экономика т.б.);

- кәсіби әрекет ерекшеліктеріне сәйкестігі, оның іске асу саласы, түлектің біліктілік деңгейі «қазақ тілі мен әдебиет»;

- аталған пәндердің және бұрын оқытылған, кейін оқытылатын және қатар оқытылып жатқан пәндердің құрамына, мазмұнына және сипатына сәйкестігі;

- жоғары мектептің педагогикасы мен дидактикасына сәйкестігі;

- пән мазмұнын құрастыратын ақпараттың қисынды ресімделуі

- аталған пәнді оқытуда (аудиториялық сабақтар, СӨЖ) қолжетімді нәтижелерді бақылау және бағалауда оқытудың түрлі формаларының мазмұн, амал және тәсілдерін іске асыруда оңтайлы арақатынастар;

- пәнді оқыту тәсілдері мен бағалау әдістемелерінің бағдарлама мақсаттарына сәйкестігі;

- аталған мамандықтың білім беру үрдісін ресімдейтін нормативті құжаттар мен ережелердің сәйкестігі.

Мамандықтар үшін пән бойынша оқу-әдістемелік қажетті пакет құрастырылған

Университет ғылыми кеңесімен бекітілген тәртіп бойынша келесі бөліктерден құралған әдістемелік кешен құралды:

1. Жұмыс бағдарламасы

2. Силлабус

3. Пәнді меңгеруге арналған әдістемелік нұсқау және т.б.

Оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру үшін кафедрада «Қазақ тілі мен әдебиеттің өзекті мәселелері» тақырыбы бойынша әдістемелік семинар жұмысы ұйымдастырылған. Мұнда жоғары мектеп педагогикасының өзекті мәселелері қарастырылады, өткізілген ашық сабақтардың және өзара сабаққа қатысу бойынша талдаулар жүргізіледі, педагогикалық тәжірибе алмасу болады.

ОСӨЖ барысында оқу бағдарламаларының күрделі сұрақтары бойынша, курстық жұмыстардың (жобалардың) орындалуына және басқа да өздігінен орындалатын жұмыстарға кеңестер беріледі. СӨЖ және ОСӨЖ тест, эссе жазу, бақылау жұмыстары, сынақ, реферат жазу түрлері бойынша өтеді.

СӨЖ ұйымдастыру және оның сапасын арттыру үшін және студенттің жеке жұмысын көтеру үшін кафедра жанында әр пән бойынша OL-кеңестер

және қосымша сабақтар тақырыптары құрастырылып, оларды орындау және есеп беру кестесі жасалған.

Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру үшін кафедра жанында СӨЖ және ОСӨЖ тақырыптары мен әдістемелік қамтамасыз етілген электронды және магнитті тасымалдаушылар бар.

Кафедра ПОҚ оқыту үрдісі барысында оқытудың әдістері мен түрлерін арттырады, дәріс және семинар сабақтарында оқытудың дәстүрлі де, сондай-ақ белсенді әдістемелері қолданылады. Атап айтсақ, СТО технологиясы, эксперимент, Интерактивтік технологиялар, слайд-шоу дәрістер, тестілеу.

2013 ж. бастап университеттің порталында білім алушының жеке кабинеті орналасқан, мұнда: анықтағыштың электронды түрі, білім алу үшін төлемдердің реті мен ережесі, білім алушы туралы жеке мәлімет, жеке оқу жоспары, оқу жетістіктерінің тарихы, транскрипт, оқу сабақтары мен сессия кестесі, академиялық күнтізбе қамтылған. Білім алушы жеке жоспар құрастырған кезде өзінің жеке кабинеті арқылы оқу пәндеріне тіркелу мүмкіндігіне ие, сондай-ақ өзінің эдвайзерімен хабарласа алады. Оқу үрдісін бір жылға академиялық күнтізбе негізінде ұйымдастырылады, онда әр курс үшін теориялық білім алу (ТБА) кезеңдері, қорытынды бақылау (ҚБ), қорытынды мемлекеттік аттестация (ҚМА), тәжірибешіліктің түрлері, демалыстар, жазғы семестр (ЖС) көрсетіледі.

«5B011700 Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттері курстық, дипломдық жұмыстар жазып, ғылыми әрекетпен айналысады; Ғаламтордың барлық сайттарына ақысыз шығып қажетті ақпараттарды алып, өздерінің курстық, дипломдық жұмыстарында, мақала жазуда т.б. қолдана алады.

Мемлекеттік аттестация комиссиясы (МАК) «Білім беру мекемелерінде білім алушылардың оқу ағымдағы үлгерімін аралық және қорытынды бақылау және мемлекеттік аттестациялауды өткізу ережелеріне» сай іске асырылады (2008 жылдың 18 наурызындағы №125 ҚР білім және ғылым министрлігі және 13.04.2010 №168 бұйрыққа өзгерістер енгізу).

Дипломдық жұмыстарды қорғау мультимедиялық технологияны қолдану арқылы өтеді. Баяндамада жұмыстың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, тәжірибелік маңыздылығы, ғылыми жаңалықтың элементтері, қолдану ұсыныстары қамтылады.

Дипломдық жұмыстардың тақырыптары саланың (мамандықта болып жатқан өзгеріс, жаңалықтарға байланысты) дамуы бойынша жаңартылып, өзгеріп тұрады.

Дипломдық жұмыстардың мазмұны мен ресімделуі МЖББС 5.03.016 – 2009 «Жоғары оқу орындарында дипломдық жұмыстарды орындау ережелері. Негізгі ережелерге» сәйкес келеді.

Дипломдық жұмыстардың бөлімдерінде зерттеу объектісінің жағдайының талдауы, ғылыми және оқу әдебиеттерін, сондай-ақ заңнама мен нормативті құжаттарды пайдалану арқылы қарастырылатын жұмыстың теориялық аспектілерінің зерттелуі; зерттеу тақырыбы шеңберінде зерттелетін объектілерді арттыруға байланысты ұсыныстар қамтылады.

Түлектердің мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыруының және дипломдық жұмысты қорғау соңғы үш жылдағы үлгерімі 100 %-ды құрайды.

МАК қолданыстағы Ереже сәйкес қалыптасады. МАК төрағасының есептері бар. Оларда мамандарды даярлау деңгейі, орындалған дипломдық жұмыстардың саны, олардың тақырыптарының қазіргі жағдайға сәйкес келеді. Студенттердің тәжірибешілік жұмыстары мамандық даярлауда бағытында мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты талаптарына сәйкес оқу үрдісінің бөлінбес құрамы болып келеді. Тәжірибешіліктің басты мақсаты – пәндерді оқу барысында алған теориялық білімдерін бекіту, кәсіби құзыреттілікке және тәжірибешілік дағдыларға ие болу, өндірістік және кәсіби мәселелерді өздігінен шеше білу болып табылады.

Тәжірибешіліктің мерзімі мен көлемі типтік және оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді. Тәжірибешілікке жіберу университет ректорының бұйрығына негізделеді. Күндізгі және сырттай бөлімдерде оқитын студенттер үшін тәжірибешілік бағдарлама кафедра жанында қазақ және орыс тілдерінде құрастырылады. Тәжірибеден өту бағдарламасына сәйкес студенттер өндірістің ерекшеліктерімен сондай-ақ, нормативті және заңнамалық құжаттармен танысады, өздерінің есеп берулері үшін және дипломдық жұмыстарын жазу үшін материалдар жинақтайды.

Барлық тәжірибешіліктер оқу жұмыс жоспарларына, өндіріс пен университет арасында жасалған келесімшарт негізінде құрастырылған бағдарламаларға сәйкес өтіледі.

Студенттерді тәжірибешіліктен өткізу үшін өндірістер және мекемелермен көпжылға жасалған келісімшарттар тізімі үнемі толысып тұрады.

5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының тәжірибе өту базалары мектептер, лицей және колледж. болып табылады. Тәжірибе өтер алдында негізгі мәселелерді түсіндіріп, қажетті құжаттарды тарату үшін күндізгі және сырттай бөлімде оқитын студенттер үшін оқу, өндірістік және дипломалды тәжірибелер бойынша кафедра жанында міндетті түрде ұйымдастыру конференциясы өткізіледі.

Тәжірибеден өту барысында студенттердің тәжірибеде өтуі бақылауға алынады.

Студенттер міндетті түрде күнделік жүргізулері тиіс. Тәжірибеден өткеннен кейін берген есептерін қорғайды.

Кафедра жанында түлектердің еңбекпен қамтылу мониторингісі жүргізіледі, жұмыспен қамтушылармен тығыз байланыс бар. Кафедраның 100% түлектері жұмыспен қамтылған. Жыл сайын университетте «Түлектер жәрменкесі» ұйымдастырылып, жұмыс берушілер шақырылады. Өткен жылдардың түлектерімен байланысты нығайту үшін, сондай-ақ қазіргі түлектерді жұмыспен қамту үшін университет жанында Түлектер ассоциациясы құрастырылды. Мұның құрамында 8 адам бар.

Университеттің ресми сайты 3 тілде беріледі. Университетте (www.ineu.edu.kz) ішкі ақпараттық портал тиімді жұмыс істейді. Порталдың жалпы ақпараттық бөлігі университет, оның бөлімшелері, университетте өтіп жатқан шаралар туралы мәліметтерді қамтиды. Порталда оқу-әдістемелік материалдар және электронды құжаттар орналасқан. Сайтта сессия аралық тестілеу жүйесі, қашықтықтан оқыту жүйесі, университеттің бөлімшелері арасында электронды почта, хабарландыру тақтасы т.б. орналасқан. Қазіргі кезде университеттің порталы 15 мыңнан астам электронды оқулықтармен қамтамасыз етілген. Оқу әдебиетінің көлемі мен сапасы 5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқитын студенттердің сабаққа сапалы дайындалуына мүмкіндік береді. Ағымдағы топтама кітапхана мен кафедраның бірігіп жұмыс істеуі бойынша құрастырылады.

«5B011700– Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша кітап қоры 53,75 контингентіне 140-160,01 дана құрайды, соның ішінде қазақ тілінде 140, базалық және бағдарлы пәндер -4372 дана, жалпы білім беру пәндері бойынша – 2660 дана, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиет- 742, ресми әдебиеттер, анықтамалықтар мен библиографиялық әдебиет -248 дана, баспасөз өнімдерінің 6 аталымы қамтылған.

38 электронды оқулық. Мамандық бойынша негізгі әдебиеттер қоры үнемі жаңарып тұрады. Сөйтіп, келтірілген контингенттің 1 студентіне қазақ тілінде 140 данадан келеді де, орыс тілінде – 146,01 дана. Мамандықты кітаппен қамтамасыз ету нормативке сай.

Студенттер қосымша әдебиетпен, яғни анықтамалық-библиографиялық, баспасөз өнімдері, түрлі сөздіктер және анықтағыштармен толыққанды қамтамасыз етілген. Қосымша әдебиеттер қоры студенттердің оқу әрекетін жекешелендіруге мүмкіндік жасайды. Барлық әдебиет абонемент пен оқу залында орналасқан.

Кәсіптік құзыреттерін дамыту үшін кафедра ОПҚ оқу үдерісінде инновациялық оқыту технологияларын қолданады: сыни ойлау стратегиялары, кейс әдістері, іскерлік ойындар, проблемалық жағдаяттарды модельдеу, жұпта оқыту, топтық пікір-таластар. Дәріс және практикалық сабақтары интерактивтік слайдтарын қолдану арқылы, электрондық оқулықтарын пайдалану арқылы өткізіледі. Тікелей интернетке шығуы бар аудиторияларында сабақтар өткізіледі.

5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқып жүрген студенттердің жалпы саны оқу жылының барлық цикліне оқулықтармен, ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

Жыл сайын кафедраның сұранысы бойынша кітапхана төменде көрсетілген мерзімді баспасөз материалдарымен қамтылып отырады:

- ВестникМУ. Филология сериясы;
- Филология: Научные исследования;
- Вопросы филологии.
- Жалын
- Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде (каз)

– Литература в казахст. школе. Әдебиет Қазақстан мектебінде (каз.рус)

– Абай

Соңғы үш жылда кафедра оқытушыларының 2 оқулық шығарылды:

– Имамбаева Г.Е. Қазақ тілі Практикалық курсының жұмыс дәптері (13,25 б.т.);

– Бейсембаев А.Р. Сабитова З.К. Межкультурная коммуникация в многонациональном Казахстане (на материале казахской, русской, украинской культур): Учебник для учащихся воскресных школ (15,75 п.л.);

10 оқу құралы:

– Имамбаева Г.Е. Етіс табиғатының ғылыми негіздері (23,75 б.т.)

– Аубакирова Р.Х., Суюнова Г. С., Айтмагамбетова М.Б. Учебное пособие по русскому языку по развитию навыков письменной речи и говорения для студентов с государственным языком обучения (3,7 п.л.)

– Бейсембаев А.Р. Проложенная колея: от компетентного педагога к успешному ученику (13,6 п.л.);

– Маняпова Т.Қ., Жартыбаев Н.Б. «Қазақ тілі» пәнінен электронды оқу құралы (251 Mb, + Adobe flash player - 259 Mb);

– Имамбаева Г.Е. Етіс табиғатының функционалдық сипаты (12,0 б.т.);

– Имамбаева Г.Е. Етіс табиғатының ғылыми негіздері (25,5 б.т.);

– Имамбаева Г.Е. MOODLE жүйесін қолданатын қашықтық оқытуы (4,5 б.т.);

– Бейсембаев А.Р. Межкультурная коммуникация в многонациональном Казахстане: Рабочая тетрадь для изучающих языки в воскресных школах (6,5 п.л.);

1 учебно-методическое пособие для учителей:

– Бейсембаев А.Р., Сабитова З.К. Межкультурная коммуникация в многонациональном Казахстане (на материале казахской, русской, украинской культур): Учебно-методическое пособие для учителей воскресных школ (10 п.л.);

Сондай-ақ, 58 оқу-әдістемелік құралдары дайындалды.

Білім алушылар порталдан тест-тренинг және пәндер бойынша тестілену; жеке тапсырмаларды алу, жеке кабинет арқылы ағымдағы семестрдегі және бұрынғы академиялық кезеңдегі үлгерім нәтижелерін қарау, курстан-курса көшірілу GPA балын көруге, элективті пәндер каталогімен танысуға мүмкіндіктері бар.

Жаңа инновацияларды құрастырып қолдануда заманауи компьютерлік техниканың, бірыңғай ақпараттық-білім беру орта құрастыру үшін жабдықталған желі болуы маңызды фактор болып табылады. Ақпараттық ресурстардың дамуы техникалық құралдар паркінің жаңаруын үнемі талап етеді. Өндірістің негізгі үрдістерін ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету үшін (білім беру, ғылыми, басқару т.б.) университетте 2011-2012 о.ж 327; 2012-2013 о.ж – 335; 2013-2014 о.ж – 341; 2014-2015 о.ж – 345 компьютер бар. Әр студентке 2011-2012 о.ж 175,3; 2012-2013 о.ж – 162,5; 2013-2014 о.ж –

184,5 оқу жылы бойынша компьютерлік сағат бөлінген. Оқу үрдісінде барлығы 19 компьютерлік сынып, 229 бірлік компьютерлік техника жұмыс істейді. Студенттер мен ОПҚ үшін ЖОО-ның барлық корпустарында 4 көшірме аппараттары орналасқан.

Оқу үрдісінде мамандықтың пәндері бойынша сабақ жүргізуде оқытудың техникалық құралдары пайдаланылады. Сыныптар ғаламторға қосылған, сол себепті қосылам деушілер барлық сайттарға еніп, лимитсіз қолдана береді.

Университетте 33 мультимедиялық сынып және көру мүмкіндігін ерекше кеңейтіп, дәріс материалын сапалы жеткізу мүмкіндігіне ие интербелсенді тақтамен жабдықталған 2 мультимедиялық кешен орналасқан. Лингафон кабинеттерінің шетел тіл үйренушілерге аудирование жүргізуде көмегі мол.

Кафедрада ұжымы тарапынан студенттерге патриоттық тәрбие беруге, жоспар негізінде кураторлық сағаттардың өз уақытында өткізілуіне көп көңіл бөлінеді. 2009-2012 оқу жылдары мынадай тақырыпта кураторлық сағаттар өткізілді:

- 30 тамыз - Конституция күні;
- Университеттің ішкі тәртібімен және жатақханада тұратын студенттерді жатақхана тәртібімен таныстыру ;
- Салауатты өмір салты;
- 1 мамыр – ҚР халқының бірлігі мерекесі (Берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле);
- Ұстаз мерейі, т.б.

Студенттердің оқу үлгерімі, отбасылық жағдайы, т.б. туралы мәліметтер өз уақытында толтырылып, талап етілген орындарға тапсырылып отырады. Аталған мәліметтерді толтыру, тапсыру кафедраның аға кураторы мен топ кураторларына жүктелген, атап айтсақ:

- кафедра топтары студенттерінің академиялық транскриптілері;
- топ студенттерінің әлеуметтік төлқұжаты (аға куратор: Сахаба М., топ кураторлары: Жүсіпов Е. Қ., Жетпісбай Ә.Қ., Молдағали Б.).

Жоғарыда көрсетілген оқу жылдары кафедра ұжымы тарапынан жыл сайын «Мейірімділік» акциясы шеңберінде ақшалай көмек көрсетіледі.

Студент жастарды елімізде болып жатқан жаңалықтармен таныстыру және оны талқылау – кафедрада алға қойылған міндеттердің бірі.

Жыл сайын университет, кафедра көлемінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы студенттерге тікелей эфир арқылы көрсетіліп, талқыланып отырылады. Атап айтқанда, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», 2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты тақырыбындағы жаңа 2013 жылға арналған

Жолдаулары студенттер және кафедраның оқытушылық-профессорлық құрамы тарапынан зор қолдауға ие болды.

Студенттерді ҚР Заңдарымен таныстыру мақсатында жүргізілетін іс-шараларға қатысуы ұйымдастырылып тұрады. Мысалы, студенттер мен топ кураторлары Павлодар облысының Әділет департаментінің ұйымдастыруымен өткен «Әділеттер кеңес береді» атты акциясына, депутаттармен өткен кездесулерге қатысып, апта сайын үлкен үзілісте республикалық және облыстық жаңалықтарға шолу жасалып тұрды. Кафедрада 22 қыркүйек – ҚР Тілдер күніне байланысты оқу орыс тілінде жүргізілетін I курс студенттеріне ҚР Тілдер туралы Заңы түсіндіріліп, талқыланады.

Мемлекеттік тілді насихаттау кафедра тарапынан кеңінен жолға қойылған. Жыл сайын ИнЕУ студенттері мен қызметкерлері арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты сайыс өткізіліп тұрады. Бұл шара 2012 жылы «Тіл – халық жанын танудың кілті» деген атпен өткізілді. 2010-2011, 2011-2012, 2012-2013, 2013-2014 оқу жылдары кафедра тарапынан университет көлемінде әр аптаның сәрсенбі күні университет бөлімшелеріндегі өзге ұлт өкілдерімен қазақша сұхбат жүргізілді. Кафедраның оқытушылық-профессорлық құрамы қала көлемінде жүргізілетін мемлекеттік тілге байланысты сайыстарға студенттерді дайындайды. Атап көрсетсек, 24.04.2012ж. Қ.Әбусейітов атындағы мәдениет ойын-сауық орталығында өткен «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты сайыста БУ-101 тобының студенті Бартель А. (бас жүлде), ҚТӘ-201 тобының студенті Сахарова М. (I орын) қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Облыстық Тілдер басқармасы тарапынан өткізілген «Мемлекеттік тіл және жастар» тақырыбындағы «дөңгелек үстелге» орыс тобының студенттері қатыстырылды (16.03.12ж. Сахарова М., Махмудова Х., Бартель А., Никифорова Н., Юрасова К.). Университеттің мемлекеттік тілді еркін меңгерген студенттері (Сахарова М., Бартель А., Махмудова Х., Захаренко Т., Батыров Ш.) туралы «Туған тіл – байлығым» атты телебағдарлама түсіріліп, облыстық «Қазақстан-Павлодар» ТРК арқылы таратылды.

Қазақстанның тәуелсіздігіне байланысты білімдерін толықтыру, отансүйгіштік сезімдерін ояту мақсатында жыл сайын шаралар өткізіліп, қабырға газеттері шығарылады. 2010 ж. «Тәуелсіздік – еркіндігің, бақытың» тақырыбында топтар арасында жарыс өткізілді, университет көлемінде өткен Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған мерекелік іс-шараға қатыстырылды. Мәнерлеп оқу сайысында (05.11.2010ж.) М.Бетимова ынталандыру сыйлығын алып, М.Сахарова II орынды иеленді. ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған 20 жұлдызды күн аясында өткізілген «Ел тірегі – жастар» атты республикалық форумға қатыстырылды (03.12.11ж. Астана) мұз сарайы). 09.02.11ж. облыс көлемінде «Тәуелсіздік жылдары: кеше, бүгін, ертең» тақырыбындағы аймақтық жастар конференциясында М.Сахарова баяндама жасады.

Кафедраның жыл сайын өтетін оқу-әдістемелік апталығына байланысты төмендегідей шаралар ұйымдастырылды:

26.02.2011 ж. қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының қысқартылған 1-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Сағындырған әндер-ай» тақырыбында концерт өткізілді. Топ кураторы: Байжекина Ш.С.

10.11.2011ж. «Ұлттаным» мұражайының ашылу рәсімі өткізілді. Шара барысында қазақ халқының салт-дәстүрінен көрініс көрсетілді, көрініске өзге ұлт өкілдері қатысты (жауапты: аға оқытушы Сүлейменова Ә.К.)

11.11.2011ж. оқу орыс тілінде жүргізілетін топ студенттері арасында «Тапқыр достар» танымдық ойыны өткізілді (жауапты: оқытушы Сүлейменова Ә.К.);

Студенттердің өнерге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылықтарын шыңдау мақсатында тақырыптық тәрбие сағаттарының өткізілуі жолға қойылған:

Жыл сайын қазан айында Ұстаздарды төл мерекесімен құттықтау мақсатында «Ұстаз мерейі» (2010 ж.) тақырыбында мерекелік концерт, ұстаздарға арналған ашық хаттар мен қабырға газеттерінің конкурсы (2011 жылы), «Ұстазым, менің ұстазым» (2012 ж.) атты іс-шаралар өткізілді (жауапты оқытушы: Байжекина Ш.С.); Университет көлемінде ұлы Абайдың қара сөздерін, өлеңдері мен нақылдарын жұртшылыққа насихаттау мақсатында «Желсіз түнде жарық ай» атты музыкалық-әдеби кеш жүргізілді (20.04.11ж. жауапты: кафедра ОПҚ.); М.Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Жырлайды жүрек» атты әдеби-сазды кеш өткізілді (24.11.2011ж. жауапты: аға оқытушы Байжекина Ш.С.). Кешке қазақ тілі мен әдебиеті, химия, тарих мамандықтарының студенттері қатысты.

Кафедра студенттері өздерінің өнерлерімен қала, облыс, республика көлемінде де танымал. Атап айтсақ, бірнеше республикалық, облыстық, қалалық айтыстардың жеңімпазы ҚТӘ-101 тобының студенті Қабдраш Абзал, облыстық «Қазақстан-Павлодар» ТРК жаңалықтар легін жүргізуші мемлекеттік тілді еркін меңгерген Сахарова Марина, көркем сөз оқу шеберлері сайысының жеңімпазы Шайкенова Әйгерім (О.Бөкей оқулары, М.Мақатаев оқулары) және т.б. І курс студенттерінің арасында өткен «Брейн-ринг» сайысы - ІІІ орын (Білім Академиясы тобының капитаны болды) (09.12ж); ҚТӘ-301 тобының студенті Қабдраш Абзал Семей қаласында М.Әуезовтың 150 ж арналған Павлодар-Семей ақындарының арасындағы (командалық) жекпе-жек айтысы (27-28.09.12ж); Ш.Шөкиннің 100 ж арналған аймақтық ақындар айтысына қатысушы (4-6.10.12ж); «Жырлаймын сені, туған өлкем» атты жас ақындар мүшәйрасы – ІІ орын (10.12ж) Республикалық «Жұлдыздар отбасысы» жастар журналы өткізген «Біз жас таланттарды іздейміз» атты бәйгесінің «Жас ақын» номинациясы бойынша - ІІ орын (10.12ж); Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының 50 ж арналған «Қанаттанды» атты жыр жинағында өлеңдері жарық көрді (11.12ж); «Кемеңгер Елбасы» атты жас ақындар айтысы – Бас Жұлде иегері (29-30.11.12ж); «Әлемдегі маңызды мәселелер: тіл, журналистика, мәдениет және

элеуметтану мәселелері» атты 36 сағаттық семинарға қатысты (Қ.Р. білім және Ғылым министрлігі ИнЕУ мен Istanbul University) (7-10.12.12ж); Иманжүсіп Құтпанұлының 150ж арналған облыстық ақындар айтысы - I орын (27.02.2013ж); 18-30 жас аралығындағы М.Мақатаев атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің сайысы - I орын (28.02.2013ж); Облыстық «Наурыз» атты ақындар айтысына қатысушы (19-21.03.2013ж); «Ілияс әлемі» атты республикалық студенттер арасындағы фестивалінің «Тасқында, тау суындай көңіл жыры» ақындар айтысы - «Ұшқыр ақын» номинациясы (19-21.04.2013ж); IX республикалық Жайдарман ойынының Маусымашар ойынына қатысушы «Квартет» КВН командасы; Республикалық орталық лиганың 1/8 ойынының I орын иегерлері «Квартет» КВН командасы (Өскемен қ-сы); Абзал Қабдраш және Еркебұлан Рахатжанұлы: Қ.Бекхожинның 100 жылдығына орай ұйымдастырылған кешке қатысты(8.10.2013 ж); М.Әлімбаевтың 90 жылдығына арналған мерейтойға шақырылды(28-29.10.2013ж); 6-7 қараша 2013ж – Қ.Ыдырысовтың 85 ж арналған «Айналдым, Ақ Ертісім, анам менің» атты кешке және Ақтоғай ауданына мерейтойға шақырылып,өз өнерлерін көресті; 8 қараша 2013 ж –Мәшһүр Жүсіп Көпейұдының 20 томдық кітаптар жинғының тұсаукесеріне шақырылды;

Университетіміздегі «Қазақ филологиясы» кафедрасының ұйымдастыруымен өткен 14-15 қараша 2013ж –Ш.Құдайбердіұлының 155 жылдығына арналған «Халық ұлы-Шәкәрім» атты әдеби-музыкалық кешті өткізді.

ҚР тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік тірегі –Жастар» атты жас ақындар айтысы ұйымдастырылып, өтті (12.12.2013ж. Жауапты: И.Гросс.) Осы айтыста А.Қабдараш I орынды иеленді; Абзал Қабдраш 16-17 қараша 2013 ж – Екібастұз қаласындағы «Атамұраның 20 жылдығына арналған ақындар айтысында» өнер көрсетті.

Ұлттық мейрам «Қош келдің – Өз Наурыз!» атты наурыз мейрамының өтуіне «Қазақ филологиясы» ұжымы мен студенттері үлкен жауапкершілікпен өткізді. 1 мамыр бірлік күніне арналған мерекелік шеру және 9 мамыр Жеңіс күніне арналған мерекелік шеруге шығып, белсенділік танытты.

«Тіл -халық жанынын танудың кілті» атты басқа ұлт өкілдеріне арналған мемлекеттік тілде сөйлей білу шеберлігін анықтайтын сайыс өтті. (14.04.2014 ж. Жауапты: Байжекина Ш.С.)

Өлкеміздің тумасы Ә.Х.Марғұланнның 110 жылдығына арналған облыстық ақындар айтысында ҚТӨ-201 тобы студенті Абзал Қабдраш жүлделі III орынды иеленді (02.08.2014ж.). Олжас Сүлейменовтың шығармашылығына арналған облыстық жас ақындар мүшайрасы I орын (2014ж); "Тәуелсіздік тірегі-Жастар" атты облыстық жас ақындар айтысы I орын (2014ж); Сәбит Дөнентаевтың 120 жылдығына арналған "Қазақтан шыққан маржандар" атты аймақтық жас ақындар мүшайрасы II орын (2014); Туған тілім тұғырым" атты облыстық жас ақындар мүшайрасы II орын (2014); Абай Құнанбаевтің туған күніне арналған "Өлең-сөздің патшасы" атты облыстық ақындар айтысы III орын (2014);

Сарыарқа самалы» газетінің 85 жылдығына орай өткізілген «Ғасырды жалғап ғасырға» атты облыстық айтысы ІІІ орын, (2014); «Тәуелсіздің тұғыры» атты облыстық жас ақындар айтысы І орын, (2014); Қостанай қаласында өткен «Тәуелсіздің тынысы» атты аймақтық ақындар айтысы І орын, (2014); «Көк тудың желбірегені» атты ПМПИ өткізген облыстық айтыс ІІ орын, (2014); «Менің жетістігім-Елімнің жетістігі» атты облыстық дарындар конкурсы жүлдегер; Тілдер басқармасының атынан «Тіл жанашыры» болып марапатталды; Алматыда өткен «Мен жастарға сенемін!» атты республикалық патриот жастардың форумының қатысушысы;

«Қазақ филологиясы» кафедрасы дәстүрмен биылғы жылы да ҚР тәуелсіздік күні мен Қ.Нығмановтың 90 жылдығына «Өлеңдерім менің өмірбаяным» атты облыстық ақындар айтысы өтті (10.12.2014ж. Жауапты Сахаба М.) Осы айтыста А.Қабдраш ІІ орын иеленді.

Кафедра жоспары бойынша тілдер мерекесіне орай «Ана тілім – ардағым!» атты тілдер мерекесіне арналған кеш өтті (21.09.2014ж. Жауапты:Сахаба М.); «Достық» тақырыбында өткен әр түрлі ұлт өкілдерінің қатысуымен бірге кеш ұйымдастырылды (Жауапты: Молдағали Б.); Ікурс студенттерін қабылдап алуға арналған жоғары курс студенттерінің ұйымдастыруымен өткен концерт (Жауапты:Молдағали Б.).

Студентте университеттің және қалалық, облыстық іс- шараларға қатысады.

Мамандық бойынша сабақтар оқу үрдісінің сапалы дамуын қамтамасыз етуші, университеттің материалдық базасында жүргізіледі.

Негізгі өндірістік процестерін ақпараттық-технологиялық қамту үшін (білім беру, ғылыми, басқару және т.б.) университетімізде 329 компьютер бар. Оқу процесіне 19 компьютерлік кластар қосылған, мұнда 229 компьютерлік техниканың бірлігі бар.

Сабақ барысында арнайы техникалық оқу құралдары пайдаланады. Әр клас интернет желісіне қосылған, қалауы бойынша әр студент KZ домен зонасындаға барлық сайттарға лимитсіз шыға алады.

Университетте 33 мультимедиялық кабинет бар және 2 кабинет интерактивтік тақтамен жабдықталған. Осы кабинеттерде дәріс материалдарды көрнеки түрде беруге және студенттердің шығармашылық тапсырмаларын көрсетуге мүмкіндік бар. Шет тілдерін меңгеру үшін лингафондық кабинеттер жабдықталған.

Студенттер мен ОПҚ үшін университеттің барлық корпусарында орнатылған көбейту құралдары бар төрт нүкте.

Оқу үрдісінде интерактивті тақталары бар мультимедиялы сыныптар, дәріс мағлұматтарын беру мен айтарлықтай кеңейтілген визуализация мүмкіндіктері қолданылады.

Кафедраға 478,01 кв.м. аудиториялар бекітілген, оның 1 интерактивті тақталармен жабдықталған 11 оқу аудиториялары,(410 (а,б), 411 (а,б), 412 (а,б), 417, 418, 419, 422, 423, 425, 426, 427) және оқу аудиторияларынан тыс

428, 429 бар. Кафедрада 4 компьютер, 1 ноутбук, 3 лазерный принтер, 2 кызметтік мультимедиялық кешен бар.

